

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы туралы" Баяндама туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 11 қараша N 1684

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы туралы" Баяндама мақұлдансын және ол Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілсін.

	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң	
Премьер-Министрі			
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң		Ү к і м е т і
Қ а з а қ с т а н			Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң	1 9 9 9		ж ы л ғ ы
1 1	қ а р а ш а д а ғ ы		
N	1 6 8 4		қ а у л ы с ы м е н
мақұлданған			
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы		Ү к і м е т і н і ң
2000-2002	ж ы л д а р ғ а	арналған	і с - қ и м ы л
б а ғ д а р л а м а с ы			т у р а л ы
Баяндама			

Қазақстан Республикасының Үкіметінен

Жаңа Үкімет жұмысқа жаңа мың жылдықтың қарсаңында кірісті. Бұл күнтізбелік шек қана емес, дәуірдің ауысуы.

Ол қоғам мен адамдардың біздің өміріміздегі жақсылықтарға өзгерістерге деген сенімін айқындайды.

Қоғамның жай-күйі, күту мен үміттің қалыптасып отырған жағдайы, сондай-ақ шешімді қажет ететін міндеттердің аса ерекше сипаты Іс-қимыл жоспарын мазмұндап берудің дәстүрлі-стандартты нысандарынан бой тартуды талап етеді.

Біздің қоғамымыз өз мәніндегі қарапайым сұрақтарға нақты да түсінікті жауаптар күтеді. Бүгінде экономикада не болып жатыр? Не істеу керек? Қалай істеу керек? Таяудағы болашақта нені күткен жөн және ұзақ мерзімді келешекте неге сенім артуға

б о л а д ы ?

Бұл сұрақтарға жағдайы мен болып жатқан тенденцияларды әділ талдаусыз, ең бастысы - негізінен алғанда, экономиканың дамуын айқындайтын шешуші себептік-салдарлық байланыстарды дәл айқындамастан дұрыс жауап беру мүмкін емес.

Талдау мен шешімдерде жүйелілік болуы тиіс. Сонымен бір мезгілде экономиканың өзі мен экономикалық заңдардың қолданылуының жүйелігін түсінген маңызды.

Біздің өмірімізде проблемалар өте көп. Барлық мәселені бірден шешу мүмкін емес. Дүниежүзінде проблемасыз өмір сүріп отырған мемлекет жоқ. Үлкен болсын, кіші болсын, шешімсіз және шешімді болсын - олар қайткенмен де бар.

Сондықтан да өзекті проблемаларды нақты айқындау ерекше маңызды. Басқаша айтқанда, басымдықтарды қалыптастыру - маңызы бойынша жүйеліліктен кейінгі е к і н ш і м і н д е т .

Экономикалық шешімдер белгілі бір дәйектілік пен кезеңділікті, іс-қимыл қисынын да т а л а п е т е д і .

Неден бастау қажет? Әлеуметтік мәселелерді шешуден бе әлде материалдық өндірістен бе? Экономикалық қисын материалдық өндірісті көтермей негізгі міндеттер шешілмейтіндіктен, соңғысының пайдасына меңзейді. Солай дей тұра, бірқатар бағыттар бойынша әлеуметтік жағдайдың өткірлігі соншалық, мүмкін қисын мен нақты теорияға қарамастан, басымдықтарды жедел қайта бағдарлауды талап етеді.

Ең ақырында, шешімдердің жүйесінде мақсаттар мен оларға қол жеткізудің дұрыс арақатынасының принципті маңызы бар.

Осының алдындағы жылдары реформалау құралдан өзіндік мақсатқа айналып кетті.

Адам өзінің проблемаларымен қоса неғұрлым кеп жағдайда сырттан бақылаушыға, экономикалық міндеттерді шешу кезінде пайдаланылатын субъектіге айналады.

Әйтсе де, мәні бойынша адам барлық қайта құрулардың басты қозғаушысы және олардың түпкі мақсаты болып табылады.

Басымдықтарды, шешімдер желісіндегі мақсаттар мен құралдарды, басты буындарды таңдау мәселесі көп жағдайда таза экономикалық мәселе болып табылмайды. Бұл саяси сипатқа ие болып үлгерген проблема.

Әрбір қоғамдық топтың оның шешіміне деген өз көзқарасы болатындығы табиғи құбылыс. Көптеген әртүрлі көзқарастар мен қадамдардың болуы әбден орынды.

Үкімет қоғамның пікірінің бүкіл спектрін ескеруі тиіс. Өзінің қалауын жасай отырып, қандай да болмасын шамада экономикалық пікірталасқа тартылған адамдардың кейде тіпті қайшы келетін позицияларының негізінде мәмілелік шешім і з д е у г е м і н д е т т і .

Сондықтан да біз көп шамада салауатты пайым, тұрақтылық және ашықтық принциптеріне сүйенбек ниетіндеміз.

Салауатты пайым экономиканы ең алдымен адам үшін жасаудың қажеттігін айтады. Бұл бүкіл саясат өзекті адами проблемаларды:

- жұмыстың болуын және оған уақытында ақы төленуін;
- зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақылар уақытылы төленуін;
- өз үйі болуын және онда жылу мен жарықтың болуын;
- балалардың жақсы білім алуы мен тамақтануына жағдай жасалуын;
- денсаулық сақтау адамдарды дұрыс емдеуді қамтамасыз етуін;
- мемлекеттік органдар кәсіпкерлікпен айналысуға бөгет жасамауын;
- мемлекет адамдарды сыбайлас жемқорлық пен қылмыскерліктен қорғауын

шешудің қажеттігіне сүйенуі тиіс екендігін білдіреді.

Міне, біздің Бағдарламамыздың принциптерінің қысқаша мәні осы. Бұл принциптер осы Баяндаманың негізіне алынды.

К і р і с п е

Осы Баяндама Қазақстан Республикасы Конституциясының 67-бабының 2) тармақшасына сәйкес дайындалды.

Онда Үкімет ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды өзінің көре білуін, ең негізгі тенденциялар мен проблемаларды, сондай-ақ елдің ұзақ мерзімді дамуын іске асыруды ескере отырып, оларды шешудің негізгі әдістері мен құралдарын айтады.

Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасы туралы Баяндаманың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы "Қазақстан - 2030" Қазақстан халқына Жолдауында айтылған Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес әзірленді.

Үкімет жағдайды өзінің бағалауында қаржы-экономикалық дағдарыстың бәсеңдегеніне және біздің еліміздің экономикасында жандану белгілері байқалғандығына сүйенеді.

Дағдарыстың нәтижесінде халық пен өндірістің нақты секторы зардап шекті, экономикадағы, мемлекеттік қаржы жүйесіндегі және ұдайы өндіру процестеріндегі үйлесімсіздіктің беті ашылды.

Сондықтан да Үкімет дағдарыстың зардабын жеңуді және үйлесімсіздікті қоғамның әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің нашарлау фактісі бұдан былай қайталанбайтындай тұрғыда түзеуге бағытталған ең басты шешімдер қабылдауды өзінің басты міндеті деп есептейді.

Сөз халықтың әлеуметтік-экономикалық мүдделеріне нұқсан келтірместен, экономиканы тұрақты даму биіктігіне шығару туралы болып отыр.

Үкімет өзінің макроэкономикалық саясатында Ұлттық Банкпен бірлесіп экономиканы инфляцияның салыстырмалы түрде төмен деңгейлі жағдайға қайтармақ ниетте. Сауда балансының теріс сальдосын жою және төлем балансы мен мемлекеттік

бюджеттің тапшылығын төмендетуге қатаң жұмыс істеу қажет.

Экономика төлем жасамаушылықтармен қол-аяғы байланған, ал Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар осы елеулі проблеманың басты көздерінің біріне айналған қалыпты емес жағдайды мойындағаны жөн. Одан басқа, созылмалы қаржы тапшылығы жағдайында сақталған қаражат пен жинақтаулардың едәуір бөлігі, қаржы рыногының жекелеген бөліктері экономикаға жұмыс істемейді.

Үкімет Ұлттық Банктің бағамдық және проценттік саясаты бүкіл экономикаға, оның ішінде өндірістің нақты секторына да есептеліп жасалуы тиіс деп санайды.

Үкімет бюджеттік саясатта мәні:

- бюджеттік жоспарлаудың көкжиегін 3-5 жылға дейін ұзартуға;
- орталық пен аймақтардың қазіргі бюджеттік өзара қатынастарын тұрақты нормативтік өзара қатынастар тұрғысына көшіруге;
- бюджеттік жоспарлаудың нормативтік базаларын жеделдетілген дамытуға және кеңейтуге;
- бюджеттік жоспарлау мен бағдарламалаудың методологиялық базасын дамытуға;
- бюджет процесін нақты регламенттеуге;
- бюджетті қалыптастыру кезінде ашықтық пен алқалылықты күшейтуге саятын байыпты реформаларды жалғастырмақ ниетте.

Үкімет салықтық саясатты да едәуір жақсартпақ, бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру мен өндіруші үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасаудың арасындағы орынды балансты таппақ ниетте. 2000 жылы Парламентке жаңа Салықтық кодексті енгізуді қоспағанда, Үкімет салық режимінің тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет деп есептейді.

Үкімет кеден баждарының ставкаларын мүмкіндігінше оларды қысқартуға және төмендетуге қарай өзгерте отырып, сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыруға барады. Сонымен бірге, демпингке қарсы, акцизді тауарлар рыногын қорғау және трансферттік бағаларға бақылауды қатайту бөлігінде талаптар қатаң күшейтілетін болады.

Өндірістің нақты секторында салалық шешімдерді қоспағанда, төлем жасамаушылықтар проблемаларын шешуге, банктік сектордың басымдықтарын өндіріс саласына көшіру үшін жағдайлар жасауға, инвесторларды іздестіруге, Үкіметтік өнімдерді сату рыноктарын іздестіруде және ұйымдастыруда шаруашылық жүргізуші субъектілерге (бұдан әрі - кәсіпорын) жәрдемдесуіне жете көңіл бөлінетін болады.

Үкімет саясат пен бюджеттік орталықсыздандырудағы әлеуметтік факторларды күшейту, әлеуметтік көмектердің атаулылығын күшейтудің қажеттігі контекстінде экономикалық және әлеуметтік тиімділіктің арасындағы орынды және тұрақты балансқа қол жеткізбек ниетте.

Үкімет әлеуметтік төлемдердің атаулылығы мен ашықтығын күшейту мақсатында олардың көлемінің төмендеуіне жол бермей және соңғысының жергілікті ерекшеліктерге сүйене отырып тізбесі мен басымдықтарды айқындау құқығын кеңейтіп

әлеуметтік бағдарламалардың бір бөлігін орталық атқарушы органдардан жергілікті мемлекеттік органдарға беру қажет деп есептейді. Одан басқа, кедейлік шегінің өлшемдерімен айқындалатын атаулы көмек күшейтілетін болады.

Үкімет кедейлік пен жұмыссыздық проблемаларын шешу біздің қоғамымыздың ең өткір міндеттерінің бірі деп санайды.

Үкімет заңдарды жетілдіруді және әкімшіліктік реформаларды одан әрі жүзеге асыруды экономикада істі жақсартуға бастайтын маңызды факторлардың бірі деп е с е п т е й д і .

1. Әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті проблемалары

1998-1999 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың өткендігіне қарамастан, жалпы жағдай күрделі қалпында қалып отыр. Экономика жүйелік үйлесімсіздікті басынан өткеруде және бүгінгі күні нарықтық үлгіден әлі алыста жатыр.

Жүргізілген қайта құрулар мен өткен сыртқы дағдарыстың ауыр әлеуметтік зардаптары халықтың ырықтандыру-нарықтық экономика құруға арналған бағытқа қатысты терең көңілі қалушылығын туғызды.

1.1. Макроэкономика

Жинақталған макроэкономикалық қайшылықтар оларды 1999 жылдың сәуірінде ұлттық валютаны девальвациялау арқылы шешудің қажеттілігінде негіздеді.

Макроахуалдың жақсарғанына қарамастан негізгі үйлесімсіздік әлі де сақталып отыр. Экономика тең емес жағдайда тұр, елдің төлем және сауда балансының теріс с а л ь д о с ы б а р .

Мемлекеттік бюджеттің әлі де үлкен тапшылығы бар және ел қаржыландыруда елеулі қиындықтарды басынан өткеруде. Республикалық және жергілікті бюджеттер орасан зор міндеттемелер жинақтады.

Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкалары 18% дейін үш мәрте төмендетілгеніне қарамастан, ол инфляцияға орай жоғары, ал несиелер - тауар өндірушілер үшін қол жетпестей болып қалып отыр.

Елде нақты сектордың ұтымдылығы сауда мен қаржы секторларындағы ұ т ы м д ы л ы қ т а н т ө м е н .

Экономиканың монетизациялау деңгейінің арттырылуына қарамастан ол бұрынғысынша төмен болып қалып отыр.

Экономика, ең алдымен нақты сектор төлем қаражатының жетпеушілігін басынан өткеруде. Төлем жасамаушылық экономикалық жандануды шырмауда.

Төлем қаражатының жеткіліксіздігі мен девальвациялық күтулерге орай экономиканы долларландыру жалғасуда.

Орын алып отырған сыртқы саудаға шектеу, валюталық пайданы міндетті 50 проценттік сату теңгенің бағамын тепе-тең белгілеу туралы сеніммен айтуға мүмкіндік бермейді.

Қаражатты жинақтау мен сақтаудың қалыптасқан жүйесі экономикаға жұмыс істемейді. Олар не шетелдік валютада сақтап қойылады не заңсыз операцияларға қызмет көрсетеді не шетелге әкетіледі.

Капиталдың мүлде жетіспеушілігі жағдайында оның елден кетуі экономиканың теңестірілмегендігі мен тартымсыздығын, бұл процестердің алдын алуға бағытталған саясаттың жоқтығын сипаттайды.

1.2. Мемлекеттік бюджет

Дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарыс мемлекеттік бюджет жүйесінде жинақталған үйлесімсіздіктің бетін ашып көрсетті.

Жекешелендіруден түскен қаражат тек уақытша бюджеттік ресурс екендігін көрсете отырып, ол бюджеттік тапшылық әкеп соқтыратын қауіптің ауқымын ашып көрсетті. Ел өте қымбат және қысқа қарыз алуларға, өзінің стратегиялық активтерін сатуға, өзінің болашағын жеп қоюға және қаржы жүйесінде үйлесімсіздікке баруға мәжбүр болды.

Кірістің жиналуы төмен деңгейде қалып отыр, бұл ретте салық процесі жекелеген учаскелерде жеңілдетілген, басқаларында - басы артық болып табылады.

Шығыс бөлігі мемлекеттік ішкі және сыртқы борыштар бойынша төлемдермен, зейнетақылық төлемдерге арналған шығыстармен ауырлатылған. Мұндай үйлесімсіздік басқа аса маңызды мемлекеттік функцияларды толық мәнді қаржыландыруға мүмкіндік бермейді.

Субсидиялар мен алулардың қалыптасқан жүйесі мен көп ретте субъективтік сипатқа ие, аймақтардың экономикалық дамудағы және қосымша ресурстарды жұмылдырудағы мүдделерін іске қосуға мүмкіндік бермейді, оларды өз қызметін перспективалық жоспарлау мүмкіндігінен айырады, масылдық көңіл-күйін туғызады.

Асығыстық, жеткілікті регламенттелушілік, ашықтықтың төмен деңгейі және субъектизм тән бюджеттік жоспарлау процесінің өзі де жетілдіруді талап етеді.

1.3. Салықтық саясат

Салықтық саясат өзінің алдында тұрған екі маңызды міндетті: мемлекеттік бюджеттің төмендетілген тапшылығы жағдайында ең төменгі қажетті мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз етуді және экономикалық өсу үшін қажетті жағдайлар

жасауды әзірге толық көлемде шешіп отырған жоқ.

Оң серпінге, салықтық әкімшіліктендіруге қарамастан кеден органдарының жұмысы одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Айналым саласының, ең алдымен сауда мен қызмет көрсетулердің мемлекеттік бюджетке төлемдерінің мүмкіндігі айқын төмендетілген.

Нақты секторда да салықтық жүктеме біркелкі бөлінбеген. Егер салықтық жүктеменің коэффициентін талдасак, онда негізгі ірі кәсіпорындар - экспортшылар бойынша мемлекет пен бұл кәсіпорындар мүдделерінің балансы соңғысының п а й д а с ы н а б ұ з ы л ғ а н .

Асығыс жүргізілген жекешелендіру ең ірі салық төлеушілерді Қазақстан Республикасының салықтық заңдарының алаңынан келісімшарттық талаптар ж а з ы қ т ы ғ ы н а ш ы ғ а р д ы .

Өнімдердің өзіндік құнын қымбат несиелер мен көтерілген бағалар бойынша қымбат шикізат пен материалдар сатып алу арқылы жасанды көтеру сияқты экспорттық өнімдерді төмендетілген баға бойынша сату практикасы жалғасуда.

Қолданылып жүрген салық жүйесі бюрократтық жолсыздықпен жиынтықта шағын бизнеске, оның қалыптасуына және дамуына қысым көрсете әрекет етеді.

Есеп пен есептіліктің, шығындардың элементтерін айқындау мен нормалаудың қолданылып жүрген жүйесі аяқталмаған күйінде қалып отыр, соның нәтижесінде ұдайы өндіру саясаты бұзылуда, сондай-ақ заңды тұлғалардың кірісімен мүлкіне салықтар с о м а л а р ы н ы ң төмендеуі болуда.

Акциздерді жинау бойынша қосымша резервтер бар.

Салық заңдарының тұрақсыздығы мен жетілдірілмегендігі елеулі проблема болып қ а л ы п о т ы р .

Ұдайы енгізілетін өзгерістер инвесторлар мен кәсіпкерлік орталардың қалыпты жұмысы үшін мүмкіндік бермейді.

Салықтық нұсқаулықтардың нақты жазылмауы, жетілдірілмеуі және көптігі ұдайы дауласулар мен салықтық нұсқаулықтардың заңнан нақты үстемдігі үшін алғышарттар ж а с а й д ы .

1 . 4 . Н а қ т ы с е к т о р

Қоғамдық пікірдің айқын басым пайымы нақты сектордың ұдайы "өгей" болып табылатындығынан және экономикалық саясаттың бір қалтарысында қалғандығынан т ұ р а д ы .

Кәсіпорындардың менеджерлері бірінші кезекте макроэкономикалық саясаттағы жаңылуларды, нормативтік құқықтық актілердің тұрақсыздығын, сыртқы сауда саясатындағы бұраландарды, банктер мен өзара қатынастардағы үздіксіз үзілістерді және төлем жасамау қатерін өздерінде сезініп отыр.

Кедендік-тарифтік саясат, салықтық заңдардың жетілдірілмегендігі, әлі де орын алып отырған қосарланған салық салу ҚҚС-тың жоғары деңгейі және оны алудың принциптері нақты сектор үшін проблема болып қалуда.

Өндіріс көліктік және энергетикалық монополиялардың айқын да тұрақты тарифтер саясатына, өздерінің өнімдерін сату рыноктарын ұйымдастыру бөлігінде Үкіметтің қолдауына мұқтаж.

Өнеркәсіптің күшейе түсіп отырған шикізаттық бағдары, өндірістің техникалық және технологиялық жағынан артта қалуы, негізгі құралдардың тозуы бей-жай қалдырмайды.

Жедел шешуді талап ететін негізгі проблемалардың бірі - қымбат емес несиелерге, оның ішінде инвестициялық мақсаттарға арналған, қол жетімділік болып табылады. Проценттік ставкалар ұзақ уақыт бойы жоғары болып табылатын жағдай қауіпті болып келеді.

Ең бастысы: нақты сектор өзіне қатысты мемлекеттік идеология мен саясатты өзгертуді талап етеді.

Аграрлық секторда елеулі проблемалар сақталып отыр. Белгіленген оң алға ілгерілеулерге қарамастан ауыл тауар өндірушілерінің қаржылық жағдайы қоғамдағы қатты алаңдаушылықтың нысанасы болып қалып отыр. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалау қисынды шегіне жеткізілген жоқ. Зиянкестерге, жануарлар мен өсімдіктердің ауруларына қарсы күрес проблемалары шиеленісіп кетті. Агро дақылдардың деңгейі төмендеді. Машина-трактор паркі тозудың жоғары дәрежесіне жетті.

Селоның өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдары тоқырау жағдайында тұр. Ауылдағы әлеуметтік проблемалардың бүкіл кешені, бәрінен бұрын кедейлік пен жұмыссыздық өткір сезілуде.

Көліктік-коммуникациялық кешендегі, бәрінен бұрын авиация мен автомобиль жолдары шаруашылығындағы жағдай күрделі болып қалып отыр.

Азаматтық авиация саласы біртұтас жүйені орынсыз уақтауға, авиациялық рынокқа ырықтандыру қадамдарын қолдануға, ұшу паркінің ескіруіне және лайықсыз нормативтік құқықтық базаға байланысты үйлесімсіз жағдайда тұр.

Темір жол саласы екінші дәрежелі шығыстармен және монополиясыздандырылмағандығымен ауырлатылған. Онда тиісті қаржылық тәртіп орнатылмаған: баспа-бас айырбас пен қолма-қол ақша төлеу операциясы көп орын алады, қаржылық талаптар мен міндеттемелерді төмендетуде жеткілікті дәрежеде қатаңдық жоқ. Саланың өзі жаңарту мен жылжымалы құрамды жаңалауды, жолдарды жөндеуге жаңа қадамдарды, перспективаға арналған айқын тарифтік саясатты қажет етеді.

Қаржыландырудың айқын жетіспеушілігі мен әлсіз реформалануына байланысты жол саласында қанағаттанғысыз жағдай қалыптасқан.

1.5. Әлеуметтік сала

Бүкіл әлеуметтік сала мен халықты әлеуметтік қорғау жүйесі Үкіметтің тарапынан өте тиянақты көңіл бөлуді талап етеді. Көптеген бюджеттік қысқартуларға қарамастан Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың тарапынан берешектер проблемасының өткірлігі төмендемей отыр.

Әлеуметтік қорғау жүйеліліктің жоқтығынан, көптігінен және орталықтандырылғандықтан, атаулылықтық жеткіліксіздігінен және ашық еместіктен зардап шегуде.

Мемлекет жеке сектордың оған өзінің шамасы келетін жерлерде де бюджеттік жүктемені көтеруін жалғастыруда.

Қаржыландыру принциптеріндегі үздіксіз өзгерістер мен оның жеткіліксіздігі денсаулық сақтау жүйесін ауыр жағдайға қойды.

Ақпараттық жұмыстың төмен деңгейіне орай мұнда жүргізіліп отырған реформалар көп ретте халыққа да, мамандарға да түсініксіз болып отыр.

Жоғары білім жүйесінде тәртіп орнату және реформаларды нығайту талап етіледі.

Кедейлік пен жұмыссыздық жағдайы төтенше өткір ретінде бағаланады. Елдегі нақты жұмыссыздық белсенді халықтың 11-13%-не жетті. Кедейлік сияқты осындай проблемалардың ауқымдарының дұрыс есептелмеуі дұрыс саясат жүргізуге және тиісті басымдықтарды қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Отбасын нығайту мен әйелдердің қоғамдағы жағдайын жақсарту қоғамның маңызды проблемасы болып қалып отыр.

Әлеуметтік жағдайдың нашарлауы әлеуметтік шиеленістің өсуіне әкеп соқтырады, бүлікшілдіктің діни және өзге де түрлерінің таралуы қаупін күшейтеді, кедей және жұмыссыз жастардың қылмыстық ортаға тартылуына апарады.

Көп ретте елдегі науқастанудың жоғары деңгейін айқындайтын экологиялық жағдай бұрынғысынша күрделі болып қалып отыр.

Халықтың ауыз сумен қамтылуы өте елеулі проблема болып отыр.

1.6. Қаржы секторы

Елдің экономика мен әлеуметтік салаға әлі әлсіз жұмыс істеп отырған қаржы секторы одан әрі дамыту мен жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның коммерциялық банктер басым қаржы жүйесі мемлекетке нақты секторды несиелендірудің мемлекеттік саясатын толық мөлшерде іске асыруға мүмкіндік бермейтін ірі клиенттерді қысқа мерзімді несиелендіруге көбірек бағытталған.

Мемлекеттік экспорттық-импорттық банктің рөлі ақталмастан төмендетілген.

Мемлекеттік қаржы ағындарының бірқатарын коммерциялық банктердің жүйесіне көшіру мемлекеттің мүдделеріне жауап бермейді.

Соңғы жылдары сақтандыру қызметтерін көрсету рыногы қаржы рыногының басқа бөліктерінен бөлініп қалып жұмыс істеді.

Қосымша импульстер жинақтаушы зейнетақы жүйелерін дамыту, оның қаражатын экономиканың мұқтаждары мен әлеуметтік дамуға пайдалану үшін де қажет.

Халықтың қаржылық жинақтаулары мен сақтауларының әлсіз пайдаланылуымен, бұл қаражатты тарту мен пайдаланудың жаңа құралдары мен тетіктерін енгізудің төмен деңгейімен бұдан әрі келісуге болмайды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қаражатын елдің экономикасына тәуекелсіз салу проблемасы өзінің шешімін талап етеді.

1.7. Мемлекеттік басқару

Жағдайдың жақсы жағына қарай өзгеруі көп ретте мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне, оның оңтайлы құрылымын қалыптастыруға, мемлекеттік қызмет реформасын жалғастыруға байланысты болады.

Атқарушылық тәртіптің деңгейін көтерудің, сондай-ақ Үкіметтің жұмысының ұжымдық тәсілін қалыптастыру шынайы қажеттілікке айналууда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте, мемлекеттік қызметшілердің коммерциялық құрылымдарымен аффилиирлендірілуін жоюда елеулі шаралар қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің отан сүйгіштігі, шеберлігі мен құзыреттілігі, олардың әдеп нормаларын сақтау деңгейі күн талабына жауап бермейді.

Үкіметті өзіне тән емес функциялардан босату, мемлекеттік функциялардың бір бөлігін аймақтарға беру талап етіледі.

1.8. Заңдар

Соңғы жылдардың ішінде жұмыс істеген нарықтық заңдар әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің серпінінен қала бастады. Сонымен бірге, өзінің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуін талап ететін қызмет өрісі әлі де жеткілікті мөлшерде кең болып қалып отыр.

Үкімет қолданылып жүрген заңдардың экономикалық орындылығы мен олардың нормаларының арасындағы қайшылықтармен жиі ұшырасып отырады.

Мұның бәрі заңдарды жетілдіруде, заң шығармашылығы қызметін перспективалық жоспарлауда неғұрлым жүйелі және ойластырылған жұмыстарды талап етеді.

Заң жобаларын бұқаралық ақпарат құралдарында талқылау практикасы жеткіліксіз болып табылады.

Ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің заңдарға сәйкес келмеуі, олардың

ашықтығы мен халықтың қолы жетімділігінің төмен деңгейі мәселелері проблемалық
б о л ы п қ а л ы п о т ы р .

2 . Б а с ы м д ы қ т а р

Басымдықтарды қалыптастыру өзінің сипаты бойынша түрлі проблемалардың болуымен де (қиындықтар бойынша басымдықтар, рыноктың субъектілері бойынша басымдықтар және с.с.), Үкіметтің алдағы перспективаға арналған іс-қимыл сабағының нәтижесінде де жеткілікті түрде күрделі және жауапты міндет болып табылады.

Үкімет іс-қимылдардың дәйектілігі принципіне сүйене отырып мынадай басымдықтарды айқындайды:

- Үкімет пен жергілікті мемлекеттік органдардың әлеуметтік төлемдер бойынша бюджеттік берешектері проблемаларын шешу;
- қысқы кезеңде тыныс-тіршілік жүйелерін қамтамасыз ету;
- жүйелік өзгерістердің тепе-теңестірілген саясатын қалыптастыру және іске асыруды бастау;
- Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасын бекіту;
- индустриалдық және аграрлық саясаттың тетіктерін әзірлеу;
- әлеуметтік саясаттың тетіктерін қалыптастыру;
- мемлекеттік перспективалық жоспарды, мемлекеттік бюджетті және заң жобалары жұмыстарының жоспарын қалыптастыру;
- жаңа Салық кодексі мен Мемлекеттік бюджеттің жобаларын талқылау және Парламентке енгізу.

Үкімет көрсетілген шараларды өзінің қызметінің алғашқы қадамынан бастап жүргізе бастады және бұдан әрі өзінің жұмысын қалыптастырылған жоспарлар мен бағдарламалар бойынша жүзеге асыра отырып оларды 2000 жылы жалғастырады.

Үкімет басты нарықтық субъектілердің (рынок агенттерінің) контексінде мынадай басымдықтарды жариялайды:

- мемлекеттік бюджет;
- нақты сектор;
- әлеуметтік сала;
- қаржы секторы.

Үкімет әлеуметтік-экономикалық саясаттың шешуші элементтері ретінде мыналарды қарайды:

- макроэкономикалық саясат;
- салықтық-бюджеттік саясат;
- аграрлық-индустриалдық саясат;

- әлеуметтік саясат;
- микроэкономикалық саясат;
- ақша-несие саясаты;
- аймақтық саясат.

Үкімет мейлінше өткір әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу тұрғысында өзінің қалауын мынадай басымдықтарға жасауды қажетті деп есептейді:

- әлеуметтік төлемдер;
- кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес;
- төлем жасамау проблемаларын шешу;
- денсаулық сақтауды қаржыландыру және осы салада реформаларды жалғастыру;
- халықты электр энергиясымен және жылумен қамтамасыз ету;
- қылмысқа, бірінші кезекте оның ұйымдасқан нысандарына, сыбайлас жемқорлыққа және нашақорлыққа қарсы күрес.

3. Мақсаты мен міндеттері

Үкімет негізгі әлеуметтік параметрлердің нашарлауына жол берместен әлеуметтік-экономикалық процестердің үйлесімсіздігі мен теңестірілмегендігін жоюды өзінің алдағы кезеңдегі басты міндеті деп біледі.

Үкімет 2002 жылы жалпы ішкі өнімнің 1999 жылдың деңгейіне қарағанда 10-11 %-ке өсуін қамтамасыз етпек ниетте.

Үкімет 2005 жылы:

- инфляцияның деңгейін 4-5%-ке дейін жеткізуді;
- мемлекеттік бюджеттің тапшылығын ЖІӨ-ден 1,2 %-ке дейін төмендетуге қол жеткізуді;
- сауда балансының оң сальдосына шығуды;
- жұмыссыздықтың деңгейін белсенді жұмыспен қамтылған халықтың 13%-нен 8%-не дейін төмендетуді;
- халықтың нақты кірісін арттыруды;
- кедейліктің деңгейін төмендетуді өзінің мақсаты етіп қояды.

Үкімет қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Ұлттық Банкпен бірлесіп мынадай міндеттерді жүзеге асырмақ ниетте:

ақша-несие саясаты саласында:

- өнімдерді экспорттаушылардың валюталық пайдасының 50 %-ін міндетті сатуды тоқтату;
- ұлттық валютаның тепе-тең бағамын қалыптастыру;

- Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкаларын нақты есептеулермен дұрыс қолдау;
- жеке адамдардан валютаны сатуға арналған алымды тоқтату;
- мемлекеттік экспорттық-импорттық банктің даму банкі ретіндегі ролін едәуір арттыру;
- векселдік айналымды енгізу;
- халықтың екінші деңгейдегі банктерге салымдарын 170 млрд. теңгеге дейін жеткізу оның ішінде депозиттерді ұжымдық сақтандырудың тетіктерін енгізу және почталық-жинақ жүйесін дамыту арқылы;
- сақтандыру рыногын қалыптастыру мен дамытуды жеделдету;
- бірқатар әлеуметтік бағдарламаларды сақтандыру принципіне көшіру; бюджеттік саясат саласында:
 - орталық пен аймақтардың бюджеттік өзара қатынастарын орта мерзімді тұрақты нормативтердің принциптеріне көшіру;
 - перспективалық бюджеттік жоспарлауды жүзеге асыру.
 - нормативтік құқықтық базаны кеңейтудің және дамытудың негізінде мемлекеттік шығыстарды басқару;
 - сырттан қарыз алудың стратегиясын қатайту;
 - бюджеттік процесті регламенттеу оның транспаренттігі мен алқалылығын күшейту;
 - бюджеттік қаражатты түпкілікті заемшыларға қайтаруға қадамдарды қатайту;
- салықтық саясат саласында:
 - акцизделетін тауарлардан түсімдерді арттыру арнаулы бағдарламаларды әзірлеу және енгізу;
 - кеден және салық органдарының жұмысын автоматтандыруды жеделдету;
 - шағын бизнестің сауда мен қызметтер көрсету салаларын, қолма-қол ақшамен жұмыс істейтін басқа да секторларын кесімді салықтық төлемдер принципіне көшіру;
 - адал емес салық төлеушілерді көпшілік алдында, оның ішінде БАҚ арқылы әшкерелеу, жоспардағы тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етпеген жергілікті салық және кеден органдары басшыларының аты-жөндерін жариялау;
 - шығындардың құрамын қатаң айқындау саясатын жасау;
 - дәрменсіз кәсіпорындардың тізілімін қалыптастыру;
 - жалпы салықтық ауырлықты жеңілдету;
- экономиканың нақты секторында:
 - төлем жасамау проблемасын шешу;
 - Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың нақты секторының алдындағы міндеттемелерін кезең-кезеңмен өтеу;

- сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыру;
 - қосарланған салық салу проблемаларын шешу;
 - Үкіметтің өндірушілерге өнімдерін сатуға белсенді жәрдемдесуі;
 - баспа-бас айырбас және қолма-қол ақша операцияларының үлесін қысқарту;
 - банкроттықтың рәсімдерін оңайлату;
 - подрядтар мен заемдарды ұйымдастыру кезінде отандық өндірушіге басымдықтар;
 - халық пен өндірушілердің отандық өнімдерді сатып алуы жөніндегі қоғамдық акцияларды қолдау.
- әлеуметтік қорғау саласында:
- кедейлік пен жұмыссыздық деңгейінің тұрақты мониторингі;
 - шағын несиелендіру бағдарламаларын дамыту;
 - қосымша жұмыс орындарын құру мақсатында жұмыс берушілерге артықшылықтар берудің тетіктерін жетілдіру;
 - шетелдік жұмыс күшін әкелуді лимиттеу;
 - жұмыс істемей тұрған кәсіпорындарды жандандыру;
 - бірқатар әлеуметтік бағдарламаларды республикалық деңгейден жергілікті деңгейге және сақтандыру рыногын дамыту;
 - кедейлік шегінің өлшемдерін әлеуметтік жәрдемақылар төлеудің негізгі өлшемдері ретінде қолдану;
 - зейнетақы реформасының тетіктерін жетілдіру.

4. Әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары

4.1. Макроэкономика

Мұның алдындағы дағдарысты кезең бәрінен де бұрын көршілес ТМД мемлекеттерінде валютаның терең құнсыздануы жүргізілуі тұрғысында әлемдік рыноктар конъюктурасының күрт нашарлауымен қатар, теңгенің нақты бағамы көтерілуімен байланысты болған терең макроэкономикалық дағдарыс болды.

Соның салдарынан Қазақстанда өндірілетін тауарлардың басым көпшілігі бағасы жөнінен шетелде өндірілген тауарлармен салыстырғанда бәсекеге қабілетсіз болып шықты. Бұдан кейін отандық тауар өндірушілер үшін сату рыногының тарылуы экономикалық дағдарыстың негізгі факторына айналды. Бұл өз кезегінде жұмыссыздықтың жоғары деңгейінің пайда болуына, бюджеттің шығыс бөлігі

мейлінше баяу қысқарған кезде кәсіпорындар мен халықтан салық алу кірістері түсуінің күрт төмендеп кетуінен туындаған бюджеттік дағдарыстың күшеюіне, кәсіпорындардың айналыс қаражаттың жоғалтуына әкеліп соқтырды.

Ұлттық Банктің проценттік ставканы күрт арттыруы және кәсіпорындардың жағдайлары нашарлауы нәтижесінде банктік сектор өмір шындығынан бөлініп қалды.

Дағдарыс кезеңінде рыноктардан айырылудың себебі менеджмент пен технологиялық жарақтау деңгейіндегі артта қалушылықта емес (тек отандық аграрлық өнімнің, цементтің, мұнай мен мұнай өнімдерінің және т.б. ресейлік немесе өзбекстандық баламалармен салыстырғандағы бәсекеге қабілетсіздігін мұнымен түсіндіруге болмайды) сонымен бірге ТМД елдерінің валюталарына қатысы бойынша бағамының жоғарылығымен айқындалатын, қазақстандық өндіріс тауарларының бағалық бәсекелестікке қабілетсіздігінде болды (статистика деңгейінде бұл ТМД елдерімен саудадағы сауда балансының өсе түскен тапшылығы бойынша көрінді; бақылаулар деңгейінде - көтерме және бөлшек саудадағы тауарларының түр-түрі бойынша: шетелдік азық-түліктік және азық-түліктік емес тауарлар тіпті біздің ішкі кәсіпорындар бағдар ұстап отырған қазақстандық рыноктың бөліктерінде де басым бола береді).

Сондықтан дағдарысқа қарсы жүйелі әрекеттердің басты бағыты (дағдарыстық құбылыстардың бүкіл кешені, оның ішінде төлем жасамаушылықтар, салықтық түсімдер деңгейінің төмендігі және т.б. бойынша) бір арнаға - қазақстандық тауарлар үшін өткізу рыногын кеңейтуге тоғысуы тиіс.

Тез арада өндірістік кәсіпорындарды мүмкіндігінше көптеп іске қосу қажет. Істің басы осында. Бұған оның ішінде шетелдік тауарлар үшін қазақстан рыногын шектеуге ықпал ететін бағамдық саясат әсер етуі тиіс (ішкі рынокты қорғау жөніндегі тарифтік және тарифтік емес қыруар және тиімділігі шамалы шаралардың қажеттігі болмай қалады) және сонымен бірге көрші мемлекеттердің, ең алдымен қазақстандық тауар өндірушілер үшін тауарлардың көптеген позициясы бойынша - азық-түлік тауарларынан бастап мұнай мен машина жасау өнімдеріне дейін ресейлік рынокты ашады. Бұл рыноктарда қазіргі уақытта не қарап тоқтап тұрған, не ішкі рынокта шетелдік өнімдермен сәтсіз бәсекедегі Қазақстан кәсіпорындарының көптеген шағын және орта өндірісшілері өздеріне жаңа сатуға қабілетті орындар таба алады.

Басқасында мемлекеттің экономикалық саясаты өндірістік өсудің: бағамның тұрақты нақты алмасуы арқылы, қатаң ұлттық валюта, төмен проценттік ставкалар, өндірістік кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау арқылы жан-жақты қолдауына арқа сүйеуге тиіс. Өндіріс көлемінің өсуі - дегеніміз біздің экономикамыздың басты міндеті. Оның ойдағыдай шешілуі жұмыспен қамтуды, кірісті, тұтыну деңгейінің өсуін, сұраныс пен өндірістің одан әрі ұлғаюын, бюджет кірістерінің молаюын, мемлекеттік борыштың азаюын қамтамасыз етеді. Өндірістің өсуі бюджеттік ахуалды сауықтырады, ол қазіргі кезде Қазақстандағы іскерлік белсенділікке қысым жасап және

инвестицияның өсуіне кедергі келтіріп отырған салық жүйесінің реформасына да неғұрлым қолайлы мүмкіндіктер береді.

Банктердің жәй-күйі валюта рыногындағы және мемлекеттік бағалы қағаздар рыногындағы алыпсатарлық операцияларына емес, нақты сектор кәсіпорындарының жәй-күйіне тікелей байланысты болатындай жағдай жасау қажет.

Нақты және қаржылық секторларды қайта қосу тек бағамдық саясат, өндірістің өсуі мен бюджет тапшылығын шұғыл қысқарту арқылы ғана болмайды.

Қаржылық секторды нығайту жөнінде қосымша шаралар қажет. Бұл ретте, негізгі мән сақтандыру рыногы мен бағалы қағаздар рыногын, жинақтаушы зейнеткерлік жүйесін одан әрі дамыту, сондай-ақ халықтың салымдарын тартуды ынталандыру ө з е к т і м ә н г е и е б о л а д ы .

Инвестициялық ақуалдың елеулі жақсартылуы да маңызды роль атқарады, ол үшін айқын да тұрақты заңдар, сыбайлас жемқорлық пен қылмыскерлікке қарсы күрестің пәрменді нәтижелері, өндірістік дамудың мақсаты мен басымдықтарын нақты түсіну қ а ж е т .

4.2. Мемлекеттік бюджет

Мемлекеттік бюджетті және бюджеттік жоспарлаудың өзін одан әрі реформалау экономиканың жүйелік өзгерістер шараларының бүкіл кешенін ойдағыдай жүзеге асырудың басты тұтқаларының бірі болып табылады.

Үкіметтің алдағы кезеңде жүзеге асырғалы отырған шаралары мыналар:

4.2.1. Бюджеттік бағдарламалауға түпкілікті көшу.

Қазіргі уақытта бюджет шығыстарының құрылымы көбінесе бағдарламаларды емес, ұйымдарды қаржыландыруға негізделген: негізінен "бағдарлама" деген термин бюджеттік сыныптаманың техникалық айқындамасы ретінде ғана қолданылады.

Айтарлықтай жақсарғанына қарамастан, қолдағы бар бюджет әлі де айқын емес және елдің даму басымдықтарын көрсете алмайды.

Бюджеттік бағдарламалаудың әдістерін толық енгізу бұл кемшіліктерді жоюға м ү м к і н д і к б е р е д і .

Осы мақсатпен Үкімет мынадай шаралар қабылдауды көздеп отыр:

- нақты айқындалған мақсаттарды көрсете отырып, бюджеттің шығыс бөлігін қабылданған бағдарламаларды қаржыландыруға деген тұтыныстың негізінде қ а л ы п т а с т ы р у ;

- бағдарламаларды іске асырудың нәтижелері үшін нақты орталық атқарушы органдардың, ұйымдардың жауаптылығын айқындау;

- бағдарламалардың орындалуы бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалаудың өлшемдерін әзірлеу; №

- жоспарлы жылға арналған бюджеттік қаражаттың пайдаланылуын

әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзақ мерзімді мақсаттарымен ұштастырып отыру.

Бюджеттің жобасы өткен жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есепті, ағымдағы жылғы жағдайдың бағалануын және жобаның тікелей өзін қамтиды.

4.2.2. Мемлекеттік басқару функциялары мен бюджеттік өкілдіктерді бөлу

Бюджеттік жоспарлауды жетілдіру саласындағы өзекті міндеттердің бірі мемлекеттік басқаруды әртүрлі деңгейлері функцияларының бюджеттік қаржыландырумен сәйкестігін орнату болып табылады. Мысалы, Үкіметпен және жергілікті органдармен бірге орындалатын бағдарламаларды жүзеге асырған кезде тиісті қаржылық ресурстар түрінде жергілікті бюджеттерге өтемақы көзделгені жөн.

Әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің арасында салықтар мен өзге де кірістерді теңгермелі бөлудің қолданылып келген жүйесі және жергілікті бюджеттерден республикалық бюджетке, тиісінше аудандық кірістерден (облыстық бағыныстағы қалалардан) облыстық бюджеттердің кірістеріне алудың жүйесі мемлекеттік қаржы ресурстарының тиімді бөлінбей отырғандығын дәлелдейді.

Демеуақысыз бюджеттерде салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауды ұлғайтуға деген талап жоқ. Іс жүзінде бөлінген қаражат бюджеттік алымның түсімдерінен тұрады, бірақ тігінен теңестіру мақсаттарына сай келмейді. Ал абсолюттік сандарда бекітілетін бюджеттік алымдар болса, іс жүзінде қатаң дерективалық жоспарлар болып табылады.

Проблеманың негізгі салық түрлері бойынша әрбір аймаққа сараламалы тұрғыда келе отырып, тұрақты (үш-бес жыл мерзімге) алымдар нормативтерінің негізінде жергілікті бюджеттерді жоспарлау арқылы шешілуі мүмкін (мәселен, заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы). Бұл үшін аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, сондай-ақ бірнеше жылдан бергі республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына мұқият талдау жасалу қажет.

4.2.3 Трансферттердің (субвенциялардың) көлемін айқындаудың ө л ш е м д е р і н е н г і з у

Экономикалық дамудың біркелкі еместігіне және аймақтардың ерекшеліктеріне байланысты, облыстарға (жергілікті деңгейдегі аудандарға және облыстық маңызы бар қалаларға) теңестіргіш трансферттерді бөліп берудің тетігі маңызды болып келеді. Бұл проблеманы шешуге неғұрлым объективті келу үшін бюджеттік жоспарлаудың практикасына халықтың жан басына шаққандағы қолданылып жүрген шығыстар нормативінің әлеуметтік және қаржылық нормативін енгізу орынды. Бұл нормативтер халықтың саны, тығыздығы, жыныстық құрамы, табиғи ресурстар, инфрақұрылымның жай-күйі, аймақтың географиялық орналасуы, т.б. ескеріле отырып, аймақтар бойынша с а р а л а н ғ а н б о л у ы т и і с .

Осының бәрі арнаулы әдістемелерді әзірлеуді талап етеді, Үкімет бұған әдейі

ерекше назар аударып отыр.

4.2.4. Орта мерзімді бюджеттік жоспарлауды енгізу

Бюджеттік қаражатты тиімді пайдаланудың, шығыстар мен нәтижелерді салыстырудың, бағдарламаларды бөлудің, қарыз алу мен мемлекеттік борышты басқарудың, мемлекеттік аппарат тәртібін нығайтудың және тұрақтылық, орнықтылық және сабақтастық ахуалын жасау құралы ретінде бюджеттік жоспарлаудың шеңберін ұлғайту қажеттігі айқын байқалып отыр.

Үкімет алдағы кезеңде жылдық бюджетті бес жылға дейін мерзімді болжай отырып жасауға көшу ниетінде.

Осы мақсатта тиісті әдістемелік және нормативтік база жасалады, ол тәжірибенің жинақталуына қарай жетілдіріліп, дами беруге тиісті.

4.2.5. Жергілікті деңгейдегі орта мерзімді жоспарлауды енгізу

Аймақтардың дамуын, елдің жалпы стратегиялық дамуына сәйкес келтіру мақсатында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарлауына көшу орынды. Осыған байланысты жергілікті деңгейде бюджеттің орта мерзімді кезеңге арналған негізгі көрсеткіштерін әзірлеу қажет.

4.2.6. Бюджеттік жоспарлау процесін регламенттеу

Соңғы жылдардың тәжірибесі мемлекеттік бюджеттің асығыс және аз ғана топпен жасалуы оның атқарылуын болдырмауға, Үкіметтің ішінде, Үкімет пен жергілікті өкімет органдары арасында, Үкімет пен Парламенттің арасында қайшылықтарға әкеліп соқтыратынын, субъективизмге кең өріс ашатынын айқын көрсетіп берді.

Бюджетті жоспарлау процесін барлық рәсімдері: кім, қашан және қандай шешімдер қабылдайтынын, дауыс беру мен қайшылықтардың шешілуі қалай өтетінін нақты есептей отырып, мүмкіндігінше ерте бастау қажет.

Перспективалық бюджеттің болуы кейінгі жылдарға арналған бюджетті қалыптастыруды көп жеңілдетеді.

Әуел бастан, бюджетті қалыптастыру процесіне орталық және жергілікті атқарушы органдар, Парламенттің комитеттері тартылуы тиіс, мұның өзі келісім мәресінде және бюджетті бекітерде көптеген қақтығыстарды болдырмауға көмектеседі.

Үкімет 2001 жылдың бюджетін әзірлеуге, бұл уақытқа дейін методологиялық, нормативтік және регламенттік негізді қалыптастыра отырып, 2000 жылдың наурызынан кешіктірмей кірісуді ниет етіп отыр.

4.3. С а л ы қ т ы қ с а я с а т

Үкіметтің басты міндеті - бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру қажеттігі мен экономикалық өсу үшін жағдайлар жасаудың арасындағы ақылға сыйымды балансты т а б у .

Үкімет осы мақсатта салық жинау жөніндегі резервтерді табуды және ашуды және сонымен бірге салық өрісін кеңейту жолымен экономиканың өсуіне жәрдем беруді к ө з д е й д і .

Резервтердің бар екендігіне ешкім де күмәнданбайды. Олар индустриалды секторда да, сауда мен қызмет көрсету саласында да, мемлекеттік меншікті басқару мен оған билік ету саласында, сыртқы экономикалық қызметте, мүліктік қатынастарды реттеу саласында, сондай-ақ жоғары акцизді тауарлар рыногында да бар.

Үкімет айналыс саласына ерекше маңыз береді. Фискалдық саясатта негізгі акцент тауар өндірісіне салық салуға, өндірістік сала кәсіпорындарының бюджетке аванс беру тетігін күшейтуге көңіл бөлінуде, ал тиісінше салықтары аз болғанымен бүкіл экономика көлемінде сауда саласы да, қызмет көрсету саласы да есеп баланстары мен салықтық декларацияларында жаппай шығындарды көрсетеді. Ең орташа бағалау бойынша ресми емес экономиканың ауқымы ЖІӨ 25 процентке жуығын немесе 500 млрд. теңгені құрайды. Мемлекеттің ресми емес экономикадан ештеңе алмайтыны түсінікті. Үкімет экономиканың бұл бөлігін жарыққа шығару үшін жағдай жасасақ (олар кірістерінің 5%-ін болса да төлесін), бұл кәдімгідей ірі сома - 25 млрд. теңгедей б о л а р е д і .

Ресми емес экономиканың негізгі бөлігі дегеніміз - негізінен шағын және орта бизнес жұмыс істейтін сауда саласы мен қызмет көрсету саласы. Үкіметтің алдына күрделі міндет қойылатын болады - салықтық әкімшіліктендірудің сапасын жақсарту мен шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасаудың арасындағы тепе-теңдікті табу керек. Бұл үшін шағын бизнес субъектілеріне салық салудың бекітілген нысандарын белгілеудің әдістемесі әзірленеді және іске асырылатын болады.

Өндіріске салықтың қысымын төмендету мақсатында Үкімет ҚҚС ставкасын төмендетудің мүмкіндігін терең зерделейтін.

Ірі кәсіпорындар, әсіресе экспортқа бағдарланған кәсіпорындар бойынша да резервтерді пайдалану қажет. Егер өнім сатудың көлемімен салыстырсақ, экспорттан алынған салық түсімдерінің көлемі анық жетіспейді.

Үкімет салық режимін нашарлатуды өзіне міндет етіп қоймайды. Сонымен бірге бұл кәсіпорындар өз өнімін әлемдік неғұрлым жақын бағалар бойынша сататын болса, егер бұл кәсіпорындар өзіне-өзі қымбат шикізатты, материалдарды, жабдықтарды алу арқылы құнды арттырмайтын болса, онда салықтық аударымдардың көлемі әлдеқайда ж о ғ а р ы б о л м а қ .

Сондықтан экспорттық ағымдардың трансферттік бағаларын бақылаудың жақсы жұмыс істейтін тетігін жасау, тауарлардың негізгі топтары бойынша бағаларды есепке алу мен бақылаудың кең таралған жүйесін жасау - тиісті мемлекеттік органдардың маңызды міндеті. Үкімет электронды мониторинг жүйесін іске асыру және пәрменді қолдану жөніндегі жұмысты күшейтетін болады.

Жоғарыда айтылғандай, бюджеттің кірістерін толықтырудың маңызды резерві мүліктік қатынастарды жетілдіру болып табылады. Негізгі проблема - салық салынатын объект ретіндегі мүліктің құнын нақты көрсету проблемасы болып отыр. Жердің құнын бағалау жөнінде де осыны айтуға болады.

Жерді пайдаланудан алынған салықтық аударымдардың көлеміне нақты баға беру маңызды. Жерге салық салудың төменгі дәрежесі оны ұтымды және тиімді пайдалануға ықпал туғызбайды. Сонымен бірге бұл мәселеге, аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып сақтықпен келу керек.

Мүліктік салықтарды жинау жөніндегі резервтер де мемлекеттік бюджеттің мүдделерін бүлдірместен меншікті нақты есепке алу үшін экономикалық тиімді жағдайлар жасауда жатыр.

Алкогольді өнімдерден акциздерді алу жөніндегі жақсы серпін қабылданып жатқан заңдардың қатаң атқарылу режиміне түскенін аңғартады. Іс-қимылдың осындай бағдарламасын Үкімет таяу арада мұнай өнімдерін өндіру және оның айналымын мемлекеттік реттеу кезінде де пайдаланбақ. Бағдарламаның шеңберіне, салмақты зауыттардан бөлшек саудаға аудара отырып, бензинге, дизель отынына бағалардың өзгермелі өсуін тежейтін және бензин мен дизель отынынан акциздер алуды неғұрлым дұрыстайтын тетіктер енгізіледі.

Салықтық және кедендік әкімшіліктендірудің сапасын жақсартуда резервтердің бар екені даусыз. Мұндағы басты бағыт - талдамалық және ақпараттық процестерді автоматтандыру салық заңдарын жетілдіру жолымен субъективті факторларды төмендету.

Фискалдық органдар мен шаруашылық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін теңдестіру өте маңызды. Салық төлеушінің құқығын қорғай отырып салық органдарын өз міндеттерін орындайтын қажетті құралдардан айыруға болмайды. Екінші жағынан, коммерциялық банктердегі салымдардың құпияларын қорғауды күшейту қажет және есепшоттарды ашу мен тұтқындаудың тетіктерін барынша күрделілендіру керек.

Тұтастай алғанда, салық заңдарын жетілдіру қажеттігі пісіп-жетілді. Бұл жұмыс 2000 жылы Салық кодексын әзірлеу шеңберінде жалғастырылады. Салықтардың негізгі құрылымы елеулі өзгерістерге түспейді, басты назар әкімгершіліктендіруге, салық заңдарының процессуалдық нормаларына аударылады.

Үкімет экспортқа бағдарланған, сондай-ақ ішкі рыноктың тұтынымын қамтамасыз ететін кәсіпорындарды дамыту үшін жағдайлар жасау жоспарлап отыр.

Экспортты дамыту сауда ынтымақтастығы бойынша халықаралық келісімдер жасау сауда режимдерін жетілдіру антидемпингтік кедергілерді жою, Қазақстанның халықаралық сауда ұйымдарына, ДСҰ-на енуі Қазақстан үшін экспортқа бағдарланған жаңа өндірістерді ұйымдастыру үшін инвесторларды тарту жолымен қазақстандық тауарларды жаңа рыноктарға жылжытуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу есебінен қамтамасыз етіледі.

Ішкі рыноктың тұтынысын қамтамасыз ететін салаларды дамыту төлем жасауға қабілетті қазақстандық тұтынушыларды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау есебінен жүзеге асырылады. Бұл отандық тауар өндірушілерді қолдауды, рынокты теріс пиғылды бәсекеден қорғауды, қазақстандық өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізуді көздейді. Тікелей инвестицияларды жүзеге асыратын инвесторлар үшін тартымды жағдайлар жасау қажет.

Ел халқының төлем қабілетін өсіруді және экономиканың аралас салаларында өндірістің өсуін қамтамасыз ететін агроөнеркәсіп кешенін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Экономикалық оңалтылуы қажет кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсету жоспарланған. Перспективасыз өндірістерге қатысты жедел банкроттау және олардың негізгі қызметін ішкі және сыртқы рыноктарда талап етілетін өнімдерді шығаруға қайта мамандандыру тетіктері қолданылатын болады. Бұл жұмысты жүргізген кезде Қазақстанның техникалық мүмкіндіктерінің банкі пайдаланылатын болады, мұның өзі бәсекеге қабілетті өнімді аз шығынмен шығаруға мүмкіндік береді.

Бұл жобалар мемлекеттік Инновациялық саясат шеңберінде іске асырылады.

Үкімет табиғи монополиялардың бағалары мен тарифтерін реттеу саласында жаңа мемлекеттік саясат әзірлеуді жоспарлап отыр. Жекелеген компанияларға тарифтер бойынша жеңілдіктер беру қызметтерді тұтынушылардың да, монополистердің өздерінің де ұтымды жұмысын қамтамасыз ететін жүйе жасау практикасынан бас тарту міндеті алға қойылған. Бұл проблема шешілмейінше, елде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мүмкін емес, өйткені борыштар монополиялық құрылымы және мемлекеттік бюджеті бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара қарым-қатынастарында, негізінен жинақталып қала береді.

Өзара берешектерді жою проблемасын шешу жөнінде шаралар қабылданылатын болады. Осы мақсатпен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі коммерциялық вексельдерді қайта есептеудің негізінде екінші деңгейдегі банктерді қайта қаржыландыруды жүргізеді. Қайта есептеуге бірінші сыныпты эмитенттердің, яғни төлеуші немесе вексель бойынша міндетті, сондай-ақ басқа талаптарға жауап беретін басқа адам үшін векселі бар, қаржылық жағдайы тұрақты адамдардың кемінде екі қолтаңбасын қамтайтын коммерциялық вексельдер жатқызылады.

Бұдан басқа, Үкімет Солтүстік Қазақстан облысында ойдағыдай сынақтан өткен клирингтік есеп айырысуларды енгізе бастады.

Үкімет экспорттық газ және мұнай құбырларының сызба-жобасын біржола айқындауға және олардың жекелеген учаскелерін жобалауды бастауға және салуға ниет е т і п о т ы р .

2001 жылы КҚК іске қосылуы Теңіз кен орнында мұнай өндіруді ұлғайтуға мүмкіндік береді. Кеңқияқ-Атырау мұнай құбырын тарту, Атырау-Самара мұнай құбырының өткізу мүмкіндігін жылына 15 млн. тоннаға дейін кеңейту де республиканың экспорттық мүмкіндігін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Негізінен өндірудің өсуі Теңіз және Қарашығанақ кен орындарының есебінен, Ақтөбе облысында бірқатар кен орындарын, сондай-ақ Солтүстік Бозашы кен орынын іске қосудан болады .

Жаңа объектілерді мұнай-газ өнеркәсібіне енгізу жыл сайын 5-6 мың адамды салада жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Үкімет Екібастұз бассейнінде энергетикалық көмір шығаруды тұрақтандыруды және оны сату рыноктарын кеңейтуді көздеп отыр.

Жергілікті коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждарды қанағаттандыру үшін аймақтық маңызы бар шағын көмір кен орындарын дамыту жалғастырылады.

2000-2002 жылдары электр қуаты секторын одан әрі реформалау мақсатында мыналарды жүзеге асыру көзделіп отыр:

- электр берілуінің қашықтығына байланысты тарифтің көлеміне тәуелділікті төмендетуге бағытталған жаңа тарифтік саясат енгізу, бұл түпкі тұтынушыға берілетін электр қуатының бағасын төмендетуге қол жеткізеді;

- тәжірибелік және аймақтық бөлшек сауда рыноктарында сауданың нарықтық тетігінің айқындығын қамтамасыз ету және ұйымдастыруды жетілдіруді қамтамасыз е т е д і .

Кен-металлургиялық өнеркәсіпте Үкімет жер қойнауын пайдалануды бақылауды, запастарды пайдалануға дайындауды, компания басқарушыларының тау-кен жұмыстарын инвестициялау жөніндегі міндеттемелерін орындатуды, кен шығару және металдарды өндіру жөнінде жаңа технологияларды енгізу, сондай-ақ дайындығы неғұрлым жоғары деңгейдегі өнімдердің өндірілуін ұйымдастыруды көздеп отыр.

Шығыс Қазақстан мыс кешенінің құрылуы таяу жылдары Ертіс мыс зауытының жұмысын жолға қоюды және қарап тұрған өндірістерді іске қосуды және бұл аймақта 2000 жұмыс орнын құруды қамтамасыз етеді.

Алтын мен күміс өндіруді ұлғайту жөніндегі іс-шаралардың кешенін іске асыру көзделіп отыр. Ұлттық банк алтын өндіретін кәсіпорындарды несиелендіретін банктерді қайта қаржыландыру тетігін пайдалануды жоспарлап отыр.

Уран өнеркәсібін одан әрі дамыту үшін ядролық-отын циклін қалпына келтіру жөнінде Ресейдің кәсіпорындарымен байланысты корпорациямен іс-шаралар

жүргізілетін болады. Ресеймен бірлескен ғылыми әзірлік жұмыстарының есебінен уран өнімінің жаңа түрлерін алу үшін осы заманғы технологияларды енгізу жоспарланған.

Үкімет химия және мұнай-химия өнеркәсібін басымдықты дамытуды көздейді, бұл 25-30 мың адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау шеңберінде Үкімет жеңіл өнеркәсіптің базалық кәсіпорындарын инвестициялау үшін инвестицияларды, шетелдік банктердің несиелік желілерін тарту жөнінде шаралар кешенін жүргізеді. Олардың ішінде Шымкент қаласындағы "Южтекс" АҚ базасында ұйымдастырылған "Адал" ЖШС мақта-мата кәсіпорны, Алматы қаласындағы "АММК - ОЗАТ" АҚ, Алматы облысының Фабричный қалашығындағы "Қарғалы" АҚ және Қостанай қаласындағы "Қостанай тоқыма компаниясы" ЖШС мәуіті-шұға комбинаттары, Өскемен қаласындағы "Мако" АҚ базасында ұйымдастырылған "КШТ" ЖШС аралас синтетикалық талшықтар ө н д і р і с і б а р .

Бұл тігін және тоқыма өндірісін дамыту үшін қажетті шикізат базасын жасауға м ү м к і н д і к б е р е д і .

Негізінен алғанда, бұл кәсіпорындардың техникалық жай-күйі қысқа мерзімде нақты өнімді өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2002 жылдың аяғында жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі 750 млн. долларға бара-бар сомаға жетуі және 70 мың жұмыс орны қалпына келтірілуі мүмкін.

Үкімет Қазақстан өнімін насихаттауды жандандырады. Бұл жұмыс тақырыптық көрмелер ұйымдастыру сондай-ақ жұмыс істеп тұрған өндірістерде тауарлар мен техниканы көрсету жолымен жүзеге асырылады. Бұл кәсіпорындарда тапсырыстарды орналастыру жұмысшылардың санын 10 мың адамға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының өнеркәсібінде үш жыл ішінде 100 мың жұмыс орнын к ұ р у к ө з д е л і п о т ы р .

2000-2002 жылдардағы сыртқы саясатты елдің төлем және сауда баланстарын жақсартудың негізінде құру жоспарланып отыр.

Үкімет қазақстандық өнімдерді насихаттауды жандандырады. Бұл жұмыс тақырыптық көрмелер өткізу сондай-ақ тауарлар мен техникаларды жұмыс істеп тұрған өндірістерде көрсету жолымен жүзеге асырылады.

Импорттық кедендік баждарды олардың эскалациясы принципіне сәйкес одан әрі нақтылауды: шикізатты шығаруға ең төменгі, жартылай фабрикаттарға - орташа және дайын бұйымдарға - жоғары ставкалар белгілеу жүргізілетін болады.

Үкімет жаңа көліктік жолдардың құрылысын салу, көмір сутегі шикізатының, түсті және қара металдардың, астықтың, жүннің, минералдық тыңайтқыштар және басқа да тауарлардың дүниежүзілік рыногында өзінің орнын іздестіру арқылы қазақстандық өнімдерді берудің географиясын кеңейту жөнінде шаралар қабылдайды. Сыртқы рынокта тауарлардың демпингіне жол бермеу және келісімшарттық бағаларды төмендету мақсатында тауарлардың экспортын жанама реттеу шаралары әзірленеді.

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттардың халықаралық стандарттарға жақындасу ұйғарылып отыр.

Үкімет Кеден одағының, Орта Азиялық қоғамдастықтың және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шеңберінде интеграцияны одан әрі дамытпақ ниетте.

Кеден одағы елдерімен сыртқы саясаттың стратегиялық бағыты Кеден одағы мен тауарлардың, қызмет көрсетулердің, капиталдың және еңбектің жалпы (ішкі) рыногының тиімді жұмыс істеуі мүддесінде экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруға мүмкіндік беретін Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шартты іске асыруға бағытталған болады.

4.4.2. Агроөнеркәсіптік кешен

Қазақстан Республикасының Үкіметі ауыл шаруашылығы секторы дамуының тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру және осының негізінде экспортты ынталандыру саясатын жүргізу ниетінде.

Ауыл шаруашылығы секторындағы мемлекеттік саясат бәсекелестік қабілеті бар өнім өндіретін салаларды қолдауға негізделетін болады. Үкімет ауыр шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру және қаржы тұрғысында орнықты ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қалыптастыру мақсатында аймақтық ауыл шаруашылығының мамандандырылуы бағдарламасын әзірлеуді көздеп отыр.

Үкіметтің ауыл шаруашылығы саласындағы қызметінің негізгі бағыттары ауылда нарықтық қатынастарды дамыту жөніндегі мынадай жұмыс болады:

- тек бәсекелестік қабілеті бар салалардың өндірісін ғана ынталандыру;
- отандық ауыл шаруашылығы өнімін сатудың ішкі және сыртқы рыноктарының сыйымдылығын кеңейту;

- ауыл экономикасын қаржылық сауықтыру;

- лизингтік қатынастарды дамыту.

Ұсақ тауар өндірушілердің өнімдеріне бағаның теңсіздігін, демпингін болдырмау мақсатында Үкімет ең төменгі бағаны белгілей отырып азық-түліктік астықты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады. Сатып алынған астық батыл сыртқы сауда саясатын жүргізу үшін мемлекеттік экспорттық ресурстар ретінде пайдаланылатын болады, бұл астықтың ішкі рыногын кеңейте отырып, сыртқы рыноктарда орнықты әріптестік қатынастарды қалыптастыруға мүмкіншілік береді.

Астық - елдің азық-түліктің қауіпсіздігін айқындайтын стратегиялық өнім. Сондықтан элеваторлардың қызметін лицензиялау жүйесі, ондай-ақ астық қозғалысының мониторингі енгізілетін болады. Елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Үкімет төтенше жағдайлар орайына азық-түліктік астықтың мемлекеттік резерві мен тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын құратын болады.

Аграрлық секторда гендік қорды сақтау, жануарлар мен өсімдіктерді аурулардан қорғау міндетін шешу мақсатында Асыл тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығына ақшалай жәрдемдесу, өсімдіктерді жаппай тиетін зиянкестер мен аурулардан қорғау, жануарлар аурулары мен эпизоотияға қарсы диагностика, ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы күрес бағдарламалары іске асырылатын болады.

Үкіметтің таяу жылдарға арналған техникалық саясатының міндеті астық жинау техникасы паркін 10 %-ке жаңартуда, оған сервистік қызмет көрсету жүйесін ж е т і л д і р у д е ж а т ы р .

Үкімет сыртқы заемдардың қаражатын басым міндеттерді шешу үшін несиелендіру бағдарламаларына тартатын болады.

Ауылда нарықтық қатынастарды дамытуда жерді шаруашылық айналымға тарту едәуір ілгерілеушілікті қамтамасыз етеді. Жерді тұрақты және ұзақ мерзімді пайдаланудың құқығын заңдық тұрғыдан бекіту, оларды бағалау және кодтау ауыл шаруашылығы субъектілері банкрот болған жағдайда жерді пайдалану құқықтарын конкурстық массаға енгізу бұл процеске тиісті серпін береді.

Үкімет жерге жекеменшікті енгізу мәселелерін жұртшылықпен бірге талқылауға н и е т б і л д і р і п о т ы р .

Ауыл шаруашылығы секторын дамыту аралас салаларға мультипликациялық ықпал ететін болады. Ауыл шаруашылығы техникасын, минералды тыңайтқыштарды өндіру, ұқсату өнеркәсібі бағдарламалары әзірленетін болады.

Пайдаланушылары ауыл шаруашылығы өнімдерінің аймақтық және сыртқы рыноктарына қатысуға мүмкіндік алатын ауыл шаруашылығы ақпаратының біртұтас ақпараттық-маркетингтік жүйесі құрылатын болады.

Жағдайы тоқыраған аудандар тұрғындарының әлеуметтік проблемаларын шешу үшін Үкімет халықаралық қаржы ұйымдарының гранттары мен заемдары қаржыларын қоса алғанда, шағын несиелендіру бағдарламаларын кеңінен жүргізетін болады.

Үкіметтің аймақтарға қатысты аграрлық саясаты белгілі бір ауыл шаруашылығы өнімдерінің сол немесе өзге түрлерін өндірудің орындылығы мен тиімділігі принципін негізінде жүргізілетін болады. Мемлекеттік қолдау көрсетілетін басымдықты салаларға мыналар жатады: астық өндірісі (Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстары, Павлодар облысының Ертіс ауданы, Ақтөбе облысының солтүстік аудандары және күріш бойынша Қызылорда облысы), майлы дақыл өндіру (Шығыс Қазақстан облысы), мақта шаруашылығы (Оңтүстік Қазақстан облысы).

Аймақтардың халқын ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімдерімен қамтамасыз ету жергілікті аймақтық бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

4.4.3. Көлік-коммуникациялық кешен

Еліміздің аумағының едәуір кең көлемді алып жатуы және көліктік

инфрақұрылымдарды ұстау мен пайдалануға арналған жоғары шығындар елімізде өндірілген өнімнің негізгі бөлігінің өзіндік құнын едәуір өсіріп отыр.

Сондықтан, көлік-коммуникациялық кешеннің шығындарын қысқарту және оның қызмет көрсетуіне тарифтерді арзандату проблемасы тұтастай алғанда Қазақстан экономикасының тыныс-тіршілігі үшін аса маңызды болып табылады.

Бұл проблемалар түбегейлі құрылымдық реформалар жолымен шешілетін болады.

Темір жол көлігі саласындағы басқару жүйесін жетілдіру мақсатында "Қазақстан темір жолы" РМК-ың монополиясыздандыру жүргізілетін болады. Оның құрылымын өзгерту және техникалық жағынан қайта жарақтандырылуы көзделіп отыр, бұл өз кезегінде РМК-ның негізгі қызметіне жұмылдырылған өндіріс қуаттары мен алаңдарын едәуір қысқартуға әкеліп соғады.

Пайдалану қызметі мен техникалық қайта жарақтандыруды оңтайландыру үшін негізгі құралдарды пайдалану шарттары өзгертілетін, қосалқы және жинақтаушы бөлшектерді өзімізде өндіру ұйымдастырылатын, ресурстарды үнемдеу технологиялары енгізілетін болады, бұл пайдалану құралдарын 10 %-ке дейін үнемдеуді қамтамасыз етеді.

Ақсу - Конечная, Донское - Краснооктябрь кеніші сияқты жаңа темір жол желілерін салу көзделіп отыр.

Үкімет автомобиль жолдарын пайдалану мен ұстау жағдайы мүлдем нашарлап кеткенін ұғынып отыр. 1999 жылғымен салыстырғанда 2000 жылдың бюджетінде осы салаға едәуір мол мөлшерде қаржы жұмсау белгіленді. Шығыстардың осы бабы бойынша қаражатты біртіндеп ұлғайту қамтамасыз етіледі және автомобиль жолдары саласын басқару мен қаржыландыру жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады және жағдай жақсарған соң Үкімет автомобиль жолдарын салуды қаржыландырудың қосымша көздерін іздестіру мүмкіндігін қарастыратын болады.

Атырау - Орал - 492 км; Ақтөбе - Қарабұтақ - 274 км; Қарабұтақ - Қостанай облысының шекарасы - 231 км басым жол учаскелерін оңалту үшін Батыс Қазақстандағы автомобиль жолы тораптарын жақсартуға жапон заемы қаражатын тарту жоспарланып отыр.

Әуе көлігі саласында қызмет көрсету аясын кеңейту және жаңа рыноктарды игеру мақсатында лизинг және жоғары сыныпты ұшақтар сатып алу есебінен ескірген ұшақ паркін жаңалауды жалғастыру жоспарланып отыр.

Үкімет бәсекеге төтеп бере алатын және негізінен Орталық Азия және ТМД рыноктарын қоса алғанда, сыртқы рыноктарға бағытталған әлеуетті Ұлттық Тасымалдаушыны қалыптастыру мақсатында қатаң мемлекеттік басқару арқылы азаматтық авиация саласын топтастыру қажет деп санайды.

Әуежайларды әлемдік стандарттарға сәйкестендіру мақсатында оларды жөндеу және жаңадан салу қажеттілігі туындап отыр. Атырау әуежайының ұшу-қону алаңын жөндеуден өткізу қажет. Астана қаласындағы халықаралық әуежайдың құрылысы

жалғасады және Алматы әуежайында жаңа жолаушылар терминалының құрылысы б а с т а л а д ы .

Су көлігі саласындағы қызметтің негізгі басымдықты бағыттары Ақтау портының инфрақұрылымын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, экспорт-импорт жүктерін тасымалдаудың көлемін ұлғайту, су жолдары мен шлюздерді кеме жүзу жағдайында ұстау Каспий аймағында теңіздегі кеме қатынасын ұйымдастыру үшін "өзен-теңіз" сыныбындағы кемелерді сатып алу болып табылады.

Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту, пайдалану мен инвестициялау шығындарын азайтудың жалпы мемлекеттік саясатын, 2003 жылға қарай барлық облыс орталықтарының, ірі елді мекендерді, аудан орталықтарын байланыстыратын, жалпы ұзындығы 9 мың км болатын Ұлттық Ақпараттық Супермагистраль жасауды көздейді. Коммутациялық жабдықты, магистральдық желілерді жетілдіру жоспарланып отыр, байланыстың магистральдық және аймақтық желілерін ұйымдастыру үшін серіктік байланысты қалыптастыру жалғасатын болады.

Қазақстан аумағы арқылы Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азияның транзиттік графигін ұлғайтуға мүмкіндік беретін Азия-Еуропааралық талшық-оптикалық байланыс желісінің батыс учаскесінің құрылысы аяқталатын болады. "Жібек жолы" желісінің 2500 км-ден астам учаскесінің құрылыс жұмыстары жалғасады. Жалпы ұзындығы 9000 км осы жол учаскесін іске қосу Ресеймен, Украинамен, Еуропамен Оңтүстік Шығыс және Орталық Азия елдерімен байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық почта инфрақұрылымын құру, ұлттық почта торабын дамыту мақсатында инвестициялар тарту есебінен Қазақстан Республикасының почта байланысы жетілдірілетін болады, мұның өзі оның аясын кеңейтумен және қайта құрумен бірге почта саласын қазіргі заманғы кең ауқымды қызмет көрсету деңгейіне көтеруге мүмкіндік береді.

4.5. Әлеуметтік сала

Үкімет жұмыссыздықты қысқарту және кедейшілікпен күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруда өзінің осы саладағы қызметін жандандыра отырып, жүргізілетін реформалардың әлеуметтік бағыттылығын күшейте түсетін болады.

Халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешу үшін шұғыл шаралар қабылдануы қажет. Нақты секторларды жандандыру жөніндегі міндеттерді шешу және сол арқылы қосымша жұмыс орындарын құрумен қоса, Үкімет елде шағын кәсіпкерлікті жандандыруды көздеп отыр. Жергілікті атқарушы және өкілді органдардың және екінші деңгейдегі банктердің жәрдемдесуімен бос тұрған үй-жайлар негізінде халық тұтынатын тауарларды өндіру мен сату орталықтар жөніндегі шағын орталықтар ұйымдастырылатын болады.

Бұған қоса мынадай шаралар жоспарланып отыр:

шағын несие беру жүйесін дамыту және жетілдіру;
жұмыс орындарын құру және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында жұмыс берушілерге жеңілдіктер беру тетігін жасау;
инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу кезінде жергілікті халық үшін қосымша жұмыс орындарын қалыптастыру шетелдік жұмыс күшін әкелу кезінде квота белгілеу жұмыссыздардың қайта мамандық алуына жәрдемдесу.

Үкімет салықтар түсімін ұлғайтуға мүмкіндік беретін еңбек қатынастарын ресмилендіруді маңызды міндет ретінде қарайды. Осыған байланысты "Еңбек туралы" Заңды қабылдау жаңа жұмыс орындарын құру мен еңбек рыногын дамыту үшін маңызды тетік болады.

Зейнеткерлерді және халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған өзге де бөлігін қолдау үшін Үкімет берешекті кезең-кезеңмен өтеп, зейнетақылар мен жәрдемақыларды уақтылы төлеу режиміне өтуді, сондай-ақ зейнетақының ең төменгі мөлшерін жыл сайын өсіруге ниет білдіріп отыр.

Зейнетақы реформасын дамыту процесінде Үкімет зейнетақымен қамтамасыз етудің нормативтік құқықтық базасын ұдайы жетілдіруді, зейнетақы активтерін есепке алу жүйелерін үнемі жаңартуды, қолданыстағы әлеуметтік жеке кодтардың базасында Қазақстанның барлық азаматтары үшін сәйкестендірілген кодтарға көшуді жүзеге асыратын болады.

Зейнетақы реформасын одан әрі дамыту мәселелері, ең алдымен, мемлекеттік емес жинақтаушы жүйенің артықшылықтарын түсіндіру мәселелері жөнінде халықпен және заңды тұлғалармен ақпараттық жұмыс жүргізуге зор көңіл бөлінуі тиіс.

Зейнетақы төлемдерін алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қатысушыларының қызметін мемлекеттік реттеуді жетілдіру жалғасатын болады. Бұл бағытта жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін орналастырудың жедел мониторингін жүзеге асыруға олардың сақталуына бақылау жасауға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы ақпараттық жүйелер құру көзделіп отыр.

Үкімет іс-қимылы аз қамтылған жандарға мемлекеттік арнаулы әлеуметтік көмекті күшейтуге өзінің бағытталатын болады. Бұл арада басты міндеттер ең кедей адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуге қаржы бақылауының жүйесі мен тетіктерін құруда болып отыр.

Жуырда қабылданған "Ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кедейшіліктің шегі және соған сәйкес әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтар санаты белгіленді. Таяу арада Парламентке "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіледі, бұл кедейлерге әлеуметтік көмек көрсетудің тетігін, кедейшілігіне орай жәрдемақы төлеудің шарттары мен мерзімдерін белгілеу үшін заңдық негіз құруға мүмкіндік береді.

Кедейшілікпен күрес әкімдердің жұмысын бағалаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі
б о л а д ы .

Мүгедектердің қоғамға кірігуіне, жүріп-тұру шектеулі азаматтардың денсаулығын қалпына келтіруге, үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек қызметін дамытуға бағытталған Мүгедектерді сауықтыру бағдарламасын әзірлеу және бекіту, оны кезең-кезеңімен қолданысқа енгізу ұсынылады.

Әлеуметтік бейімдеу және сауықтыру орталықтарын, сондай-ақ мұқтаждарға тамақ пен қажетті медициналық жәрдем беретін пункттерді құру қолға алынады.

Мүгедектіктің алдын алу мен мүгедектерді сауықтыруды қамтамасыз ету үшін жүйке-неврология және наркология ауруханалары мен диспансерлері жанындағы емдеу-өндіріс шеберханаларында мүгедектердің еңбекпен емделуі өрістетіле түсетін болады. Бұдан басқа, Үкімет медициналық-әлеуметтік сараптаманың негізінде айқындалатын мүгедектерді медициналық, кәсіптік және әлеуметтік сауықтырудың жеке бағдарламалары жүйесін жетілдіруге ниет білдіріп отыр.

Протез-ортопедия саласын одан әрі дамыту мақсатында барынша жаңа және жетілдірілген технологиялар бойынша протез-ортопедиялық бұйымдар шығару жөнінде шаралар қолданылатын болады.

Интернат-үйлерде, санаторийлерде, ауруханаларда, сондай-ақ үй жағдайында пайдаланылатын, тірек-қозғалыс мүшелері зақымданған мүгедектерге, қарттар мен науқастарға арналған балалар мен ересектер кресло-арбаларын, шағын механизация және сауықтыру құралдарын шығаратын өндірісті ұйымдастыру жөніндегі жұмыстар жүргізілетін болады.

Денсаулық сақтауда "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жалғасады, медициналық қызмет рыногын қалыптастыру және халықтың қалың жігінің денсаулық сақтау мүмкіндігіне қол жеткізуі мақсатында медициналық қызмет ақысын төлеу саланы қаржыландыру және қайта құру жүйесі жетілдірілетін болады.

Үкімет медициналық қызмет ақысын төлеу жүйесін жетілдіруге, әрбір адамды бастапқы медициналық-санитарлық жәрдемнің қаржыландырылуына көшуді жүзеге асыруға ниет білдіріп отыр, бұл 2000 жылы географиялық және жыныстық-жастық коэффициенттерді есепке алуды және енгізуді көздейді.

Міндетті медициналық сақтандырудың жалпыға мәлім принциптерін ескере отырып, жеке медициналық сақтандырудың жаңа үлгісін енгізу жөнінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жұмысы басталады.

2001 жылы бүкіл Қазақстан бойынша отбасылық медицина институтын дамытуға және стационарлық емдеуден тиімді амбулаториялық емдеу принципіне көшуге, бүкіл ел бойынша дәрігерді еркін таңдау науқанын жүргізуге және міндетті медициналық сақтандырудың жаңа модельдерін енгізуге әкелуі тиіс ішінара қор ұстауды енгізу көзделіп отыр.

Үкімет денсаулық сақтау саласының маңыздылығын ескере отырып, оны

ұйымдастырушылық нығайту бағытында қызмет істемек ниетте.

Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторын одан әрі дамыту, емдеу-алдын алу мекемелерін кезең-кезеңімен жекешелендіру қажет, бұл денсаулық сақтаудың жеке секторының үлесін 2000 жылы 25 %-ке, 2001 - 2002 жылдары 35 %-ке дейін жеткізуді көздейді.

Денсаулық сақтаудың аса маңызды бағдарламалары мен медицина саласындағы зерттеулерді қаржыландыру күшейтілетін болады. Бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, 2001 жылы "Диабет", "БППП" секілді бағдарламаларды, 2002 жылы "Нашақорлық" бағдарламасын қосымша қаржыландыру көзделіп отыр.

Аурулардың диагностикасы саласында жаңа медициналық технологияларды енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Үкімет санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің нормативтік құқықтық базасын жетілдіруді, оның халықаралық стандарттарға бейімделуін, емдеу-алдын алу мекемелерінде инфекциялық бақылаудың жаңа жүйесін енгізу мен дамытуды жүргізбек ниетте.

Жұқпалы аурулармен сырқаттанудың алдын алу және төмендету жөніндегі жұмысты күшейту бойынша шаралар қабылданатын болады.

Үкімет Қазақстан Республикасының фармацевтік және медициналық өнеркәсібінің мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға кірісу ниетінде, бұл шығарылатын өнімнің санын 2000 жылы 300-ден 2002 жылы 500 атауға дейін көбейтуге мүмкіндік береді.

Үкімет тұрғын үй құрылысына назар аударуды күшейту ниетінде.

Республикада тұрғын үй құрылысын дамытуды, атап айтқанда, ипотекалық несиелендірудің нысандары мен әдістерін дамытуды, халықтың салаға инвестициялары мен қаражатын тартуды, қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды ынталандыру жөніндегі шаралар кешенін қабылдау көзделіп отыр.

Ұлттық Банкпен бірлесіп екінші деңгейдегі банктердің қаражатын тұрғын үй құрылысын ипотекалық несиелендіруге тартуды жандандыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілер қабылданатын болады.

Халықтың қаражатын тартуды жандандыру мақсатында халықтың құрылыс салуға қажетті қаражатының бір бөлігін жинақтауды және барлық соманы жеңілдікті және ұзақ мерзімді ипотекалық несиелендіру жағдайларында алуды көздейтін "Құрылыстық жинақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы әзірленетін болады.

Үкімет бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылған тұрғын үй құрылысының құрылысы аяқталмаған объектілерін тұрғын үй салушыларға тегін беру жөнінде шаралар қабылдау қажет деп санайды.

Білім беру саласында Үкімет білім беру процесінің әрбір адам үшін қол жетерлік болуы, сапа және үздіксіздік принциптеріне сүйенетін болады.

Балалардың мектеп алдындағы даярлықпен және жалпы орта біліммен міндетті әрі толық қамтылуына қол жеткізу көзделіп отыр. Осы мақсатта барлық мектептерде

Жалпы білім беру қорларының жұмысы кеңінен жүргізіліп, балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету қажет болған жағдайда оқушыларды оқу орындарына дейін жеткізу мәселелері шешілетін болады.

Ауылдағы шағын комплектілі мектептерге, мектепке дейінгі және мектептен тыс білім беру ұйымдарына басым қолдау көрсетілетін болады.

Білім берудің оқушы және студент жастардың салауатты өмір салтын, жеке адамның рухани-адамгершілік және азаматтық-отан сүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелеу функциясы арта түседі.

Білім беру процесіне жаңа технологиялар белсенді енгізілетін болады. Мектептерді компьютерлендіруді аяқтау 1-11 сыныптарға арналған жаңа буын оқулықтарына көшу, дарынды балаларды анықтау мен оларға қолдау көрсету жүйесін қалыптастыру көзделіп отыр.

Білім берудің барлық деңгейлеріне арналған мемлекеттік стандарттарды әзірлеу мен енгізу оқушылардың кәсіби қызығушылығына қарай қосымша оқу пәндерін еркін таңдап алуына қажетті шарттарды жасау оқушылар мен студенттерге кәсіби бағдар беру жөніндегі шараларды күшейту ниет етіліп отыр.

Жетім балаларға, мүгедектерге, денсаулығы нашар, тұрмысы нашар және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға Үкімет ерекше қамқорлық көрсетеді. Оларға жоғары оқу орындарына түсуі кезінде квоталар беріледі, қашықтықтан оқу үшін арнайы жағдайлар ұйымдастырылатын болады.

"Білім беру туралы" Заңның талаптарына сәйкес білім берудің мемлекеттік емес секторы одан әрі дамиды.

Аттестациялау мен лицензиялау мәселелерінде тәртіп орнату мақсатында сапалы білім беру қызметін көрсете алмаған және білім берудің мемлекеттік стандарттарын сақтамаған ұйымдарға қатысты талаптар күшейтіліп, қатаң шаралар қолданылатын болады.

Үкімет әйелдердің қоғамдағы жағдайын жақсартуға, отбасын нығайтуға және әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға зор көңіл бөлетін болады. Қазірдің өзінде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға жеңілдікті несиелер түрінде 3 млн. АҚШ долларынан астам қаржы бөлінді.

Үкімет тарихи-мәдени және рухани құндылықтардың сақталуын, оларға халықтың қол жеткізуін және белсенді араласуын қамтамасыз етеді; әлеуметтік-мәдени саладағы өнімдер мен қызмет көрсетулердің отандық рыногын дамытады, халықаралық және аймақаралық мәдени ынтымақтастықты кеңейте және тереңдете түсетін болады.

Қазақтың ұлттық мәдениеті мен тілінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасын мекендейтін халықтардың мәдениеті мен тілдерінің сақталуы мен дамуына қолдау көрсетіледі.

Үкімет айналадағы орта сапасын тұрақтандыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру ниетінде.

Республикалық және жергілікті деңгейлерде табиғатты пайдаланудың, жер қойнауын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқарудың тиімді жүйесі құрылып, экологиялық оқу-ағарту жүйесі қалыптастырылатын болады. Үкімет қоршаған ортаны қорғауды қаржыландырудың тетігін жетілдіру, табиғат пайдалану жүйесін оңтайландыру мемлекеттің халықаралық экологиялық саясатқа қатысуын кеңейту, экологиялық қауіпсіз технологияларға көшу үшін жағдай жасау, қалдықтарды пайдаланудың деңгейін арттыруға ниеттеніп отыр.

Қазақстанның жануарлар және өсімдіктер дүниесінің биологиялық алуан түрлілігін сақтау жөніндегі жобаны әзірлеу және оны іске асыра бастау жөнінде күш-жігер жұмсалынатын болады.

Үкімет қоршаған ортаны қорғау табиғатты пайдалану жер қойнауын пайдалану саласындағы негізгі заң актілерін дайындау жұмысын жалғастырады.

Табиғат ресурсының әлеуетін пайдалануды зерделеу және теңгерімді пайдалану экологиялық аудандастыру мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен экологиялық туризм объектілерінің желісін дамыту өнеркәсіп орындарының экологиялық аудитін жүргізу, экологиялық таза және ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу бағдарламалары іске асырылатын болады.

Дене шынықтыру мен спорт саласында салауатты өмір салты принциптерін насихаттау жөніндегі жұмыс жалғасады және 2000 жылғы Сиднейдегі (Австралия) жазғы Олимпиадалық ойындардың және 2002 жылғы Солт-Лейк-Ситидегі (АҚШ) қысқы Олимпиадалық ойындардың қатысушыларына мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Үкімет қылмыскерлікке және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты күшейтуді маңызды шара деп санайды.

Күштерді және құралдарды автоматты түрде басқару жүйесін құру арқылы көшелерде тиісті тәртіп орнату оқиғаларға орай жедел қимылдау деңгейін арттыру қажет.

Үкімет сыбайлас жемқорлыққа, оның ішінде өз өкілдерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң күресті жалғастырады және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдайды.

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің етек алуына тиімді мемлекеттік және қоғамдық қарсы тұру жүйесінің негізгі буындарын құру талап етіледі.

Елімізге діни экстремизм мен террорлықтың еніп кету қаупінің күшеюіне байланысты барлық мемлекеттік органдардың осындай құбылыстардың алдын алудағы үйлесімді өзара іс-қимыл жасауы, діни экстремизм мен террорлыққа қарсы күрес жүргізетін құрылымдарды нығайту, мұндай заңсыз әрекеті үшін жауапкершілікті қатаңдату қажет.

Республиканың облыстық облыс орталықтары мен ірі қалаларында бостандығынан айыру орындарынан босап келген адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту, сондай-ақ қадағалаусыз жүрген балаларға арналған паналық мекемелер құрылатын

б о л а д ы .

Әйелдерге және кәмелетке толмаған балаларға тұрмыстық зорлық көрсетуге қарсы күресті күшейту, мұндай қылмыстарға қарсы жазалау шараларын қайта қарау жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Құқық қорғау органдарын техникалық тұрғыдан жетілдірудің бірқатар қызмет бағыттарын қамтитын түбегейлі жаңа жолы қажет. Ішкі істер органдарын қаржылық және материалдық-техникалық жағынан нығайту жөнінде шаралар қабылдау қажет.

4 . 6 . Қ а р ж ы с е к т о р ы

Елдің қаржы секторы барған сайын елдің ішіндегі орта және ұзақ мерзімді өндірістік инвестицияларға бағдарланатын болады бұл мұны халықтың жинақтарын елеулі түрде тартпай жүзеге асырылынбайды.

Осыған байланысты қаржы секторының күш-жігері тұрақтылықты сақтауға және оның барлық бөліктерін нығайтуға, экономиканың нақты секторының қаржы мекемелерін несиелеудің жаңа институттары мен тетіктерін дамытуға, қаржы қызмет көрсетулерінің тізбесін кеңейту мен оның сапасын арттыруға бағытталатын болады.

Қаржы секторына халықтың жинақтарын тарту үшін мейлінше қолайлы жағдайлар жасау сондай-ақ халыққа өздерінің салымдарының сақталуына қажетті кепілдіктер беруді, қаржы институттарының ұсынатын халыққа депозиттік қызмет көрсетулерінің тізбесін кеңейтуді, халықтың сақтандыру полистері, алтын инвестициялық монеттері, бағалы қағаздар мен және басқалар секілді қаражатын салудың дәстүрлі емес құралдарының түрлерін дамытуды талап етеді.

Жеке сақтандыру компанияларды, зейнетақы және инвестициялық қорлар секілді халықтың басы бос ақшасын жинақтайтын ұйымдарды дамыту ерекше мәнге ие болады .

Халық пен кәсіпорындардың қаржылық қызмет көрсетулеріне мүдделілігі қаржылық қызмет көрсетудің сапасын арттырумен, түрлі қаржы құралдарына қатысты салық салуды қайта қараумен, сондай-ақ халықтың құрылыс жинақтауларының жүйесі секілді салымдарын тартудың арнаулы жүйелерін енгізумен арта түсетін болады.

Бұл ретте негізгі тегеурін халық пен кәсіпорындардың елдің қаржы секторына ұзақ мерзімді салымдарын тартуды ынталандыруға жасалатын болады.

Бұл қаржы жүйесіне өндірісті ұзақ мерзімді несиелендіруді өсіруге және бұл ретте қаржы институттарының өздерінің орнықтылығы мен сенімділігін төмендетуге жол бермей несиелер бойынша нарықтық ставкаларды төмендетуге мүмкіндік береді.

Экономиканы құрылымдық қайта құрудың міндеттерін шешу, өндірістік бөлудің деңгейін арттыру мақсатында бұлар елеулі ұзақ мерзімді нысаналы инвестицияларды талап етеді, Үкімет Эксимбанктің рөлін тек экспортқа жәрдемдесу банкі ретінде ғана емес даму банкі ретінде де күшейтпек ниетте.

Ұлттық Банк елдің орталық банкі ретінде ашық рынокта операцияларды кеңейте отырып, ақша-несие саясатының жанама құралдарын қолдануды жандандырады.

Ұлттық Банктің бірінші сыныпты коммерциялық векселдерді қайта есепке алуы ретінде екінші деңгейдегі банктерді қайта қаржыландырудың осындай схемасы енгізілетін болады. Ұлттық Банк векселдер бойынша міндетті тұлғалардың қаржылық жағдайының орнықтылығын айқындайтын болады.

Почта-жинақ ұйымдарын құру ерекше мәнге ие болады, олар халыққа, әсіресе ауылдық жерлерде қаржы қызмет көрсетулерін кеңейтуге, қаржы секторына жаңа жинақтардың ағылып келуі үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Почта мекемелерінің қазіргі жұмыс істеп тұрған жүйесінің халықтың жинақтарын т а р т у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Почта-жинақ мекемелеріне жинақталған қаражатты тек мемлекеттік бағалы қағаздарға ғана салуға рұқсат беріледі. Осылайша халықтың почта-жинақ мекемелеріндегі салымдарының сенімді қорғалынуы қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ несие серіктестіктері секілді шағын және орта кәсіпорындардың мұқтаждарына бағдарланған қаржы институттары да даму жолына түседі.

Жеке тұрғын үй құрылысын қаржыландыруда уақыт өте келе құрылыс-жинақ банктері секілді несие мекемелерінің нысандары ерекше мәнге ие болады. Құрылыс жинақтары жүйесі бойынша тұрғын үй сатып алғысы келетін немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж адамдардың қаражаты тартылып, жинақталатын болады. Белгілі бір уақыттан соң жинақталған қаражаттан сол салымшылардың шеңберіне тұрғын үй салуға және сатып алуға салыстырмалы түрде алғанда жоғары емес және тіркелген процентпен ұзақ мерзімді несиелер берілетін болады.

Ипотекалық несиелендіру банктердің халықты жылжымайтын мүлкін кепілге ала отырып, несиелендіруге қатысуын жандандыру есебінен дамитын болады. Банктер ипотекалардың пульдерімен қамтамасыз етілген ипотекалық облигацияларды шығару жолымен қайта қаржыландырыла алады.

Сондай-ақ кәсіпорындарды, бәрінен бұрын ауыл шаруашылығына және шағын бизнеске техникалар беру үшін несиелендіруге қаржы лизингінің жүйесін пайдалану к е ң е й т і л е д і .

Банк жүйесінде 2000 жылдың аяғында екінші деңгейдегі банктердің қызметтің халықаралық стандарттарына көшу жөніндегі бағдарламасы аяқталатын болады. Жақын жылдардың ішінде Ұлттық Банк банктердің қызметін лицензиялау мен пруденциалдық реттеудің әдістері мен рәсімдерін жетілдіретін болады.

Топтастырылған негізде қадағалау енгізу, сондай-ақ банк қызметінің тәуекелдерін басқару жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу мейлінше маңызды болып табылады.

Халықтың депозиттерін міндетті ұжымдық сақтандырудың құрылған жүйесінде ғана одан әрі жетілдіру көзделінеді. Қалыптасуына қарай сақтандыру объектілерінің тізбесі, өтеу сомалары мен басқа да өлшемдер кеңейтілетін болады. Банктердің

халықаралық стандарттарға көшу жөніндегі талаптарға қол жеткізуіне қарай депозиттерді сақтандырудың қатысушы банктері жүйесінің өсуі жүреді.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясымен бірлесіп жүйелі негізде өздерінің айырбас бағамдарын бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, ұйымдастыру-құқықтық нысанында жұмыс істейтін ашық акционерлік қоғамдардың ұйымдастырылған қор рыногында акциялары мен басқа да бағалы қағаздарының айналысын жандандыру жөніндегі жұмысты жүргізеді. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясымен бірлесіп, ерекше борыштық міндеттемелер шығаруды қоса алғанда, банктердің активтерін секьюритизациялау тетігі әзірленетін болады.

Банктік емес операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктік емес қаржы мекемелерінің рөлі, бәрінен бұрын шағын кәсіпкерлікті несиелендіру процесінде бірте-бірте күшейтіледі.

Соңғы жылдары сақтандыру қызметін көрсету рыногы қаржы рыногының басқа бөліктерінен қол үзіп жұмыс істеді.

Шетел инвесторларының қолының жетпеуі және іс жүзінде толық кәміл ақпараттың болмауы осы рыноктағы қалыптасқан жағдайдың негізгі себептері болды.

Жақын жылдары, бірінші кезекте, халықаралық және басқа да стандарттарға жауап беретін нормативтік құқықтық базаны құру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру көзделініп отыр.

Екінші кезең сақтандыру компаниялары қызметін қадағалау мен реттеу жүйесін жетілдіру болады. Сақтандыру резервтерінің және оларды орналастырудың сенімділігі деңгейіне және сақтандыру ұйымдарының қызметінің басқа да көрсеткіштеріне қойылатын талаптарды арттыру.

Сақтандыру қызметін көрсетудің сапасын арттыру мен кеңейту үшін, әсіресе өмір мен аннуитеттерді сақтандыру саласында шетелдік сақтандыру компанияларына қазақстандық рынокқа қол жеткізуіне жағдай жасалынады.

Бұл іс-шаралар сақтандыру компаниялары ұсынатын қызмет көрсетулердің тізбесін елеулі түрде кеңейтуге, ең бастысы, өмір мен аннуитеттерді сақтандыруды дамытуды ынталандыруға мүмкіндік береді.

Сақтандырудың ерікті және міндетті түрлерін дамытуға үлкен көңіл бөлінеді. Сақтандырудың осы түрлері жөніндегі заңдарды халықаралық нормаларға сәйкес келтіру көзделінеді.

Орнықты және тұрақты сақтандыру рыногын құру зейнетақы реформасын табысты іске асырудың ең маңызды шарттарының бірі болып табылады. Күшті сақтандыру рыногы ұзақ өмір сүру жағдайында зейнетақы жинақтауларының жетпей қалу тәуекелінің болуына байланысты проблемаларды шешуді қамтамасыз ете алады.

Сақтандыру рыногының одан әрі қалыптасуы зейнетке шығудың кейін ай сайын рента төлей отырып, өмірді сақтандыру жөніндегі компанияға зейнетақы қорында

жинақтау шотынан қаражат беруді көздейтін схемасын енгізуге мүмкіншілік береді. Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылғаны кезінде сақтандыру компанияларының жәрдемақыларды жинақтау жарналардың есебінен төлеу жөніндегі жүйені құру мүмкін болады.

Қаржы рыногын дамыту бағалы қағаздар рыногын жандандырумен тікелей байланысты, ол ішкі жинақтар мен мүмкін шетелдік инвесторлардың қаражатын жұмылдыру ден бөлудің тиімді тетігі ретінде қаралады.

Салық заңдарын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, бәрінен бұрын түрлі қаржы құралдарына қатысты тең салық жағдайларын жасау көзделінеді.

Инвесторлардың корпоративтік бағалы қағаздардың эмитенттеріне - шаруашылық жүргізуші субъектілерге сенім артуын қамтамасыз ету үшін инвесторлардан ақпаратты жасырғаны үшін және бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарды басқа да бұзғандығы үшін жауапкершілігін күшейту жолымен олардың ашықтығын қамтамасыз ету қажет.

Корпоративті бағалы қағаздарға салымдардың тартымдылығын арттыру мақсатында трансферттік бағалардың мәселелері, афилиирленген тұлғалармен қарым-қатынас заң жүзінде қайта қаралатын болады. Бұл қаражатты бөлу процесінде эмитенттерге тиімді мониторингті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ішкі рынокта зейнетақы активтерін басқару жөніндегі зейнетақы қорлары мен компанияларының қызметін жандандыру мақсатында зейнетақы активтерін орналастыру үшін пайдаланылатын қаржы құралдарының тізбесі кеңейтілетін болады.

4.7. Мемлекеттік басқару

Функционалдық талдаудың негізінде мемлекеттік органдардың функцияларын орталықсыздандыру жөніндегі жұмыс жалғасады, әкімшілік рәсімдер жетілдіріледі.

Кадрларды іріктеу мен мемлекеттік қызметшілерді қызмет бойынша жылжыту бірінші кезекте кәсібилік пен құзыреттілігі принциптеріне негізделетін болады. Осы мақсатта кадрларды іріктеуді конкурстық негізде регламенттейтін, мемлекеттік қызметшілерді лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын айқындайтын актілер қабылданып, кадр резервін және басқаларды қалыптастыру болады.

Аталған шаралар Қазақстан Республикасының азаматтарын, оның ішінде жастар мен әйелдердің мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу принципін іске асыруға жәрдемдесетін болады.

Мемлекеттік қызметті ынталандыру мен мәртебесін көтеру мақсатында мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін өзгерту көзделініп отыр.

Мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік қызмет кадрларын оқытудың бірыңғай жүйесін құруға, мемлекеттік тапсырыстың тетігін енгізуге және оқытудың бірыңғай стандарттарын айқындауға негізделген мемлекеттік қызметшілерді оқытудың тұжырымдамасын іске асыру түр. Үкімет мемлекеттік

қызметшілердің оқытудың жүйесін қаржыландырудың орнықты тетігін қалыптастыру жөнінде бірқатар шаралар қабылдайтын болады.

Кадрлардың жай-күйінің мониторингі жүйесін әзірлеу мақсатында мемлекеттік қызмет кадрларын басқарудың бірыңғай жүйесі құрылатын болады.

4.8. Заңдар

Ұсынылып отырған шараларды заңдық қамтамасыз ету мақсатында Үкімет 2000-2002 жылдары Парламентке 150-ге жуық заң жобасын енгізу ниетінде.

Олардың арасында мыналар бар:

"Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" заңға өзгерістер енгізу туралы" Заң;

Салық кодексі;

"Валюталық реттеу туралы" заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң;

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заң;

"Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Заң;

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заң;

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң;

"Агроөнеркәсіп өндірісін мемлекеттік реттеудің негіздері туралы" Заң;

"Жер туралы" заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң;

"Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының банкроттығы туралы" Заң;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі

"Өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі туралы" Заң және көптеген тағы басқалары.

Қазақстандық салықтық, бюджеттік, еңбек, банктік, әкімшіліктік, көліктік, әлеуметтік заңдардың, сондай-ақ табиғи монополиялар саласындағы қатынасты реттейтін заңдардың жаңа буыны әзірленетін болады. Қазіргі бар азаматтық, отбасылық, іс жүргізу заңдары одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Үкіметтің заң жобалары жұмыстарының ағымдағы және перспективалық жоспарларын депутаттық корпуспен келісу, кезек күттірмейтін құқықтық реттеуге қажет ететін барынша өткір проблемалардың негізінде заң шығармашылығында басымдықтарды қалыптастыру саясаты жалғастырылатын болады.

Алда заң шығармашылығымен айналысатын парламенттік және үкіметтік құрылымдардың бұдан неғұрлым тығыз өзара іс-қимылын қамтамасыз ету тұр.

Бұл бағыттағы жұмыстың неғұрлым тиімді нысаны бірлескен жұмыс топтарының қызметі болып табылады. Өзара іс-қимылдың басқа да тиімді нысандарын іздестіруді жалғастыру қажет.

Халықаралық құқықтық ынтымақтастық саласында өзіне алған міндеттемелерді орындауды, сондай-ақ жасалған халықаралық шарттарға тексеру жүргізуді қамтамасыз ету алда тұр.

Заңға бағынатын нормативтік құқықтық актілерді, әсіресе ведомстволық сипаттағы, жетілдіру жөніндегі жұмыс одан әрі жалғастыруды және жандандыруды талап етеді. Олардың заң актілеріне қарсы емес оның негізінде және орындау үшін шығарылуына қол жеткізу қажет. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын не ведомствоаралық сипаты бар заңға бағынатын нормативтік құқықтық актілер ерекше тиянақты көңіл бөлуді талап етеді. Оларды елдің халқы үшін мүлдем ашық және қол жетімді ету үшін оларды әділет органдарында сөзсіз тіркеуді қамтамасыз еткен жөн.

Қ о р ы т ы н д ы

Әрбір жаңа Үкіметке Іс-қимыл бағдарламасы туралы Баяндаманы әзірлеу үшін берілетін бір айлық мерзім нақты шаралар мен тетіктерді айқындау үшін мейлінше қысқа уақыт болып табылады.

Солай дей тұра Үкіметтің әрбір жаңа мүшесінің өзінің саласындағы жағдайды егжей-тегжейлі зерттемей-ақ негізгі проблемалар мен оларды шешудің әдістерін тұжырымдау үшін жеткілікті дәрежеде басқару тәжірибесі мен дүниетанымдық көзқарасы бар.

Үкіметтің бұрын жол берілген қателіктерді бұдан былай жасамау керектігі жөнінде де өзінің түсінігі бар.

Үкімет осы Баяндамада құжатты ауырлатпас үшін ой-өрісінен тұтастай бір аялар мен салаларды әдейі тыс қалдыра отырып, негізгі проблемаларды және оларды шешудің құралдарын тұжырымдауға тырысты. Қалай болғанда да осы салалар бойынша тиісті бағдарламалар нақтыланады немесе әзірленеді, сөйтіп Үкіметтің назарынан тыс қалмайды.

Қолайлы халықаралық жағдай Бағдарламаны іске асырудың шарттарының бірі болып табылатындығын ерекше атап өткім келеді.

Сондықтан да Үкімет сыртқы саясат саласында Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін дамытуға арналған басымдықты желіні жалғастырады.

Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциясы, көрші мемлекеттермен және басқа да әріптес елдермен өзара іс-қимылды тереңдету, елдің транзиттік-көліктік әлеуетін тиімді пайдалану Каспий проблемасын кешенді шешу Қазақстанның мемлекеттік шекараларын заңдық ресімдеу

мәселелері Үкіметтің ұдайы назарында болады.

Парламент Үкіметтің аталған пәлсапасы мен идеологиясын қолдаған жағдайда біз ең қысқа мерзімдерде алдағы жылдарда бәрінің қамтылуы қамтамасыз етілетін және жұмыс жоспарлы болатын Іс-қимыл бағдарламасын қалыптастыру ниетіндеміз.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.